1 НАУРЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№24 (23 493)

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Жаңа техника табысталды



2-бет

«Барыс жылы туған асау балықпын...»



6-бет

Рухы мықтылардың бәсекесі



8-бет

## Қадірлі қарағандылықтар!

*Сіздерді келіп жеткен қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Рамазан айы – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Ол адамзат баласын шыдамдылық сақтауға, қиындықтарға сабырмен қарауға, бардың бағасына жетуге тәрбиелеп, қайырымды болуға шақырады.*

*Бұл ай – араздасқан жандардың татуласып, көріспеген туыстың табысатын, адамның жүрегіне мол мейірім, бойына қанағат ұялататын ерекше кезең.*

*Осы айда әлемнің бүкіл мұсылмандар қауымы Ораза тұтып, рухани тұрғыдан жаңару жолына түседі. Қасиетті Ораза айында адамдар арасындағы өзара сыйластық пен мейірім, ізгілік пен кешірім сияқты асыл қасиеттер дәріптеледі.*

*Осы кезеңде жасаған қайырымдылықтарыңыз бен дұға-тілектеріңіз қабыл болып, қасиетті ай әрбір отбасын шапағатына бөлесін!*

*Облысымыздың барлық мұсылмандар қауымын қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Ниеттеріңіз қабыл болып, еліміз аман, аспанымыз ашық болсын!*

*Оразаларыңыз қабыл болсын!*

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**
**Қарағанды облысының әкімі**

**Нұркен КОБЖАНОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы**

# Ұлыстарды біріктірген ұлы идея



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

**Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздің тұрақтылығы мен бірлігінің негізін қалаған бірегей институттардың бірі. Осыдан 30 жыл бұрын құрылған бұл ұйым бүгінде этносаралық келісімнің, мәдени сан алуандылықтың және қоғамдық ынтымақтастықтың жарқын үлгісіне айналды. Қарағанды облыстық ҚХА да осы мақсатта ауқымды жұмыстар атқарып, өңірдегі ұлттар достастығының нығаюына зор үлес қосып келеді.**

**Салтанат ІЛИЯШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Бір шаңырақ астында

– Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы құрылды. Оның басты міндеті – елдегі этностардың бейбітшілікте өмір сүруіне жағдай жасап, ұлттық саясатты үйлестіру. ҚХА жұмысы Қазақстанның басты құндылығы – халықтың бірлігі мен тұрақтылығын сақтауға бағытталған.

Қарағанды облысы – этникалық тұрғыдан көпұлтты өңірлердің бірі. Облыстың статистика департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, Қарағанды облысында қазақтар саны – 565 309 болса, орыстар – 428 991. Ал, украиндар саны – 32 424. Сталиннің саясатынан зардап шегіп, амалсыз жер ауып келген немістер – 28 088, татарлар – 26 969, белорустер – 9 033. Қарағанды облысында тұратын кәрістер де аз емес. Кезінде Кеңестің сенімінен шығып, «жапон шпионажының еніп кетуіне» жол бермеу үшін елімізге келген олардың саны бүгінде – 11 580. Көңілі даласындай дархан қазақ пен Кавказ тауындай асқақ шешеннің де жолы осы жерде тоғысып, бір-бірін бауыр санап кеткен олардың саны облыста – 5 311. Башқұрттар болса – 3 220, поляктар – 3 080, әзірбайжандар – 4 195. Одан бөлек, молдавандар да бар. Қазақстанды, оның ішінде, Қарағандыны туған жері санап кеткен олардың саны – 1 781. Ал, мордвалар – 1 144. «Өзбек – өз ағам» деп, бір туғанындай көретін ұлт саны облыста – 3841 болса, чуваштар – 1 310. Қазақстанды өз Отанына айналдырған гректер саны – 1 710 болса, литвалықтар – 1 374.

### Ортақ мүдде жолындағы міндет

30 жыл ішінде облыстық ҚХА түрлі бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырды. Оның негізгі жетістіктері ретінде этномәдени бірлестіктердің дамуын ерекше айтуға болады. Бүгінде облыста өз ұлттарының дәстүрін, мәдениетін, тілін сақтауға және дамытуға зор үлес қосып келе жатқан жиырмадан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді.

Өңірлік Ассамблеяның бастауында «Видергебурт» неміс қоғамының, Қазақстан кәрістер қауымдастығы филиалының, еврей мәдениеті және «Ихлас» татар-башқұрт орталығының, гректердің «Авги», «Вайнах» шешен-ингуш орталығының мүшелері бар.

Алғашқы мәдени орталықтардың жұмыс тәжірибесі фольклорлық іс-шараларды насихаттаудан тұрды. Олар дәстүрді жаңғыртып, ана тілін үйренудің қадамын жасады. Жылдар өте жаңадан құрылған ұлттық мәдени орталықтардың саны артты, тәжірибе жинақталды, этносаясат саласындағы білім жетілдірілді. Облыстық Ассамблеяның беделі күшейді.

Ал, Қоғамдық келісім кеңестері азаматтық қоғамның дамуына, жастардың патриоттық тәрбиесіне, қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға атсалысады.

Ассамблеяның жастар саясаты және волонтерлік қозғалыс құрылымын ерекше атау керек. ҚХА жастардың белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы облыстағы этносаралық диалогты дамытуға, волонтерлік қызметті жандандыруға бағытталған жобаларды іске асырып келеді.

Қайырымдылық – Ассамблея жұмысының бастауы екенін жоққа шығара алмаймыз. ҚХА бастамасымен өңірде түрлі қайырымдылық шаралары өткізіліп келеді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету, ҰОС ардагерлері мен қарттарға қолдау білдіру – облыстық ҚХА қызметінің маңызды бөлігі.

### Біз – бауырмыз!

Ассамблея – ел бірлігінің кепілі. Қиын кезеңде бірге ұйысып, көмекке асығатынын көзіміз көріп келеді. Мәселен, былтырғы су тасқыны кезінде Қазақстан халқы Ассамблеясы зардап шеккендерге көмек көрсету үшін «Жүректен-жүрекке» акциясын жариялады. Ал, облыстағы «Жомарт жан» орталығы осы акция аясында гуманитарлық көмек жинады. Кәсіпкерлерді, белсенділерді және жанашыр жандарды біріктірген ҚХА қиын кезеңде қол ұшын созуға даяр.

Облыстың Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына жастар да белсенді тартылды. Мысалы, түрлі бағытта жұмыс істейтін «Ассамблея жастары» облыстағы барлық іс-шараларға белсене қатысып, өздерінің азаматтық ұстанымдарын көрсетіп келеді.

Облыста 80-нен астам ақсақалдар кеңесі жұмыс істейді. Одан бөлек, 130-дан астам Аналар кеңесі – отбасыларды қолдауға бағытталған тиімді құрал. Басты мақсат – бейбітшілік пен келісімді нығайтуға жәрдемдесу, өскелең ұрпақты туған жерге деген сүйіспеншілік пен қоғам алдындағы жауапкершілікке тәрбиелеу.

30 жылдық жемісті жұмыс барысында Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы келісім мен бірлескен іс-әрекеттер арқылы барлық қиындықтарды жеңіп, елдің ұзақ мерзімді дамуына үлес қосып келеді. Себебі, біз – бауырмыз!

Бейбітшілік пен келісімнің сенімді тірегіне айналған ҚХА алдағы уақытта да қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, этносаралық достықты нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған жобаларын жалғастыра бермек.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы – тек бір өңірдің ғана емес, бүкіл елдің берекесі мен бірлігінің символы.

● 1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# Өткенге тағзым, бүгінге алғыс!

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

**Тарихтың сан мың қатпарлы парақтарында қарға тамырлы қазақтың бауырмалдығы мен кең жүректілігі алтын әріптермен жазылған. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған, жат жұртты да өзекке теппеген ел азапты жылдарда өзгенің қайғысын бөлісіп, пана болды. Бүгінде бізге бейбіт аспан, татулық пен достықтың берік ордасы – аманат. Алғыс айту күні – сол бір тағдырлы жылдардың ұмытылмас белгісі ғана емес, мейірімділік пен адамгершілікті дәріптейтін өнеге. Алғыс – бірлікті бекемдейтін ұлы құндылық. Бұл күні өткенге тағзым етіп, болашаққа ұмтыламыз, шынайы ризашылықтың шырағын жағамыз. Өйткені, қазақ үшін алғыс айту – тек сөз емес, бұл жүректің кеңдігі мен жанның тазалығы!**



Коллажды жасаған Айбек Рақымжан

Қазақ халқы ықылым заманнан «Алғыс алған арымас» деген сөзді бекер айтпаған. Алғыс – шынайы ризашылықтың, жүрек жылуының белгісі. Қиын-қыстау кезеңдерде, қилы замандарда қазақ жақсылыққа жақсылықпен жауап қайтарып, өзіне қамқор болғанды да, өзгенің қамын жегенді де ұмытпаған. Бүгінде 1 наурыз – Қазақстанда Алғыс айту күні. Бұл күннің мәні тереңде жатыр. Тарихтың қатпарларына зер салар болсақ, күні кешегі кеңес заманында қазақ жеріне түрлі ұлт өкілі жер аударылды. 1930-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезінде мыңдаған неміс, корей, түрік, шешен, ингуш, балқар, қарашай, грек және басқа да этностар Қазақстанға күштеп қоныстандырылды. Олар туған жерінен үдере көшіріліп, белгісіз мекенге жіберілгенде аштық пен суықтан қажыды. Осындай ауыр сәтте қазақ халқы қолындағы барымен бөлісіп, оларды бауырына басты.

Бір ғана қазыналы да қасиетті Қарағандыға 1930-1950 жылдары Кеңес үкіметінің саяси шешімдері негізінде 30-дан астам ұлт пен этнос өкілдері күштеп жер аударылды. Олардың арасында немістер, корейлер, шешендер, ингуштар, түріктер, гректер, поляктар, украиндар, қарашайлар, балқарлар, қырым татарлары, молдовандар және басқа да этностар болды.

➤ 3-бет

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Мерекелік көмек көрсетіледі

**Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, Әйелдердің халықаралық күні қарсаңында облыс бойынша 32 441 адамды материалдық көмекпен қамту жоспарланған. Бұл мақсатта 861,2 млн теңге бөлінді. Оның 853,8 млн теңгесі жергілікті бюджет есебінен болса, 7,4 млн теңгесі бюджеттен тыс қаражаттан.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Жергілікті атқару органдарының шешімімен бір реттік материалдық көмекті 28 399 адам алады. Көмек барлық қалалар мен аудандардағы түрлі әлеуметтік санаттағы әйелдерге беріледі. Бұған 853,4 млн тенге бағытталады.

Көпбалалы аналар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» немесе «Батыр ана» атағын алған аналар 20 мың теңгеден, Шахтинскіде мүгедек балалар өсіріп отырған аналар 20 мың теңгеден көмек алады. Сонымен қатар, Теміртауда амбулаториялық ем алып жүрген туберкулезбен ауыратын науқастарға 60 мың теңге, ал, Саран қаласында баласы мектепке дейінгі мекемеге баратын көпбалалы отбасыларға көмек беріледі.

Халықтың әлеуметтік осал тобынан шыққан әйелдерге мерекелік шаралар мен арнайы дастарқан ұйымдастырылады. Мұндай көмек 2,2 млн теңгеге 2 335 адамға көрсетіледі. Бұлар – егде жастағы жалғызілікті жандар, I, II топ мүгедектері. 1 048 адамға бюджеттен тыс қаражаттың 4,2 млн теңгесіне азықтүлік себетін беру жоспарланған.

Бұдан өзге, халықтың осал топтарына мерекелік шаралар өткізуге, дастарқан жайып, конкурстар мен спорттық сайыстар ұйымдастыруға 1,3 млн теңге бөлінеді, қаражатқа 662 адам қамтылмақшы. Мұндай қолдаулар Қарағанды, Балқаш, Саран қалалары мен Актоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра аудандарында да жасалады.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 525.71 ●**USD/KZT** 501.49 ●**RUB/KZT** 5.77 ●**CNY/KZT** 69.00

Қазақстан Ұлттық Банкінің
28 ақпан, 2025 жылғы дерегі бойынша

● МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Құтқарушыларға құрмет

**Теміртау қаласында №30 өрт сөндіру бөлімінің жаңа деposыcының ашылу салтанаты болып, оған Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әрінов, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшылығы мен жеке құрамы, азаматтық қорғаныс қызметінің ардагерлері қатысты.**



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл депо орналасқан ғимарат 1993 жылы салынып, 2022 жылға дейін «Qarmet» АҚ құрамында болып, одан кейін қала меншігіне берілген болатын.

Әбден тозығы жетіп, нешеме жыл жөндеу көрмеген оны жаңғырту үшін 2023 жылы жобалық-сметалық құжаты жасалып, қалалық бюджеттен қаржы бөлінген еді.

Сол құны 701,9 миллион теңгелік жоба бойынша жалпы аумағы 1909,7 шаршы метр болатын бұл ғимаратты жаңғыртып, жаңартуға Теміртау қаласының құрылыс бөлімі тапсырыс беріп, ол жұмыстарды 2024 жылдың наурызынан желтоқсанына дейін мердігер ұйым «Ғимарат KZ» ЖШС құрылысшылары атқарып шығыпты.




Үш қабатты ғимараттағы ас, жуыну, демалу, жаттығу, қызметтік бөлмелері заманауи жиһаздармен жабдықталып, сырты сайдингпен қапталып, төбесі жабылған. Оның алдындағы көлік қоятын бокстары да үр жаңа кейіпке еніп, айналасы асфальтталып, қоршалған.

Сондай-ақ, қосымша бөлінген қаражатқа 4 автоцистерна, автосаты, 2 оперативті машина да сатып алынған екен. Әрі осындағы бір және екі бөлмелі қызметтік пәтерлерге қажет тұрмыстық заттар мен дүниелер де толығымен сай. Соның бәрі мұнда жұмыс істейтін 48 адамның алаңсыз еңбек етіп, қала тұрғындары мен кәсіпорындарын өрт қаупі мен қатерінен қорғауға мүмкіндік береді.

Әрі бұл жаңа депоның ашылу салтанаты еліміздегі Азаматтық қорғаныс күні қарсаңында болып отыр. Сондықтан да, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов әріптестерін алдағы мерекемен құттықтап, осы депо ғимаратының жаңаруына көмек көрсеткен облыс басшылығына алғысын білдіріп, Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімовтің өңіріне «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін қадап, аталған министрліктің Алғыс хатын «SMK Optimizm» Мүгедектер қоғамының директоры Нұржан Шәріповке тапсырды.

Сол сияқты министр бір бөлмелі қызметтік пәтердің кілтін азаматтық қорғау лейтенанты Вениамин Замеринге, ал, екі бөлмелі қызметтік пәтердің кілтін азаматтық қорғау капитаны Айбек Кәрімовке табыстап, «Skoda Kodiaq» автокөлігінің кілтін Теміртау қалалық төтенше жағдайлар басқармасына, «Toyota Hilux» автокөлігінің кілтін Теміртау қалалық құтқару бөлімшесіне табыс етті.

Салтанатта сөйлеген сөзінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өрт сөндірушілердің әр кездегі жанқиярлық еңбегін атап өтіп, оларға қашан да қолдау көрсетуге әзір екендерін мәлімдеді.

Бұл қуанышты сәтке куә болған ардагер өрт сөндіруші Нақып Қаппасов та әріптестерін кәсіби мерекесімен және жаңа депоның ашылуымен құттықтады.

Салтанатты шара соңында министр Шыңғыс Әрінов пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа депо ғимаратының ішін аралап көріп, пәтер кілттерін алған екі отбасына облыс әкімі көрімдікке шаңсорғыш сыйлады.

**ТЕМІРТАУ**

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● 1 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

# Жаңа техника табысталды

**Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні қарсаңында Қарағандыдағы Мартбек Мамыраев атындағы 52859 әскери бөліміне Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ат басын тіреді. Құтқарушы-әскери қызметшілерге жауынгерлік әзірлік пен жеделдікті арттыруға мүмкіндік беретін жаңа арнайы техниканың кілтін табыс етті.**



Нақтырақ айтсақ, әскери бөлімге «КамАЗ» және «Toyota Hilux» базасындағы әскери-құтқару автокөліктері беріліп отыр. Бұл – отандық өндірістің жемісі. Сұранысқа ие көліктер заманауи талаптарға сай жабдықталған.

– Ведомствоның құтқару әскери құрылымдарын заманауи техникамен, жабдықпен қамтамасыз ету – бұл төтенше жағдайлармен күрестегі жеделдіктің және тиімділіктің кепілі. Біз кез келген сын-қатерге, соның ішінде, су тасқынына дайын болу үшін материалдық-техникалық базаны нығайта түсеміз, – деп атап өтті Шыңғыс Әрінов.

Бұдан бөлек, министр азаматтық қорғанысты жаңғырту және техникалық жарақтандыру мәселесінің басымдыққа ие болып қала беретінін жеткізді.

Биыл 72 бірлік техника, соның ішінде, ұшқышсыз ұшатын аппараттар және жеке құрамға арналған заманауи киім-кешек, керек-жарақ сатып алынған.

– Біздің әскери бөлімге 22 заманауи техника берілді. Бұған дейін техника паркі 2015 жылы жаңартылған. Келесі жылы тағы да жаңа техниканың легі күтілуде, – дейді М.Мамыраев атындағы 52859 әскери бөлімінің командирі Бағлан Кенбейлов.

Сонымен қатар, Шыңғыс Әрінов пен Ермағанбет Бөлекпаев офицерлер мен сарбаздардың қызмет жағдайымен танысты.

Төтенше жағдайлар министрлігі қарамағындағы азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері халықты, объектілер мен аумақтарды табиғи және техногендік төтенше жағдайлардан қорғау, сондай-ақ, апаттық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу жөніндегі міндеттерді орындайтынын атап өткен жөн.

**Өз тілшімізден**

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Саңлақтар марапатталды

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Қытайда өткен IX қысқы Азия ойындарында ел намысын қорғап, чемпион атанған биатлоншы Владислав Киреев пен хоккейші Александр Борисевичті қабылдап, жарқын жеңісімен құттықтады. Сонымен қатар, жаттықтырушылары Раис Хайрутдинов пен Владимир Князевке де алғысын білдіріп, ақшалай сыйлық табыстады.**




Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қарағанды – спортшылардың ордасы екенін тағы бір мәрте дәлелдедіңіздер. Сіздердің жеңістеріңіз – келешек жастарға өнеге. Сіздерге қарап бой түзейді. Спортқа әуестенеді. Әрқайсысыңыздың жетістіктеріңіз көңіл қуантады. Алдағы уақытта Олимпиада шыңын да бағындырасыздар деген үміттемін. Жаттықтырушыларыңызға да алғыс айтамын. Бұл еңбектеріңіздің жемісі, – деді Әлібек Үсенұлы.

Жерлесіміз Владислав Киреев қысқы Азия ойындарынан екі медаль еншілеген еді. Әуелі ол жекелей сында қарсыластарын қапы қалдырып, алтын алған. Араға күн салып, ерлер командасымен жалпы есепте II орын иеленді. Жалпы, спортшы аталған спорт түрімен 13 жылдан бері шұғылданып келеді. Бірақ, бұл алтын халықаралық турнирден алғашқы жүлдесі екен.

– Халықаралық турнирлерге жасөспірім шағымнан шыға бастадым. Кейін ұлттық құрама сапына кіріп, 2022 жылы Пекинде өткен XXIV қысқы Олимпиада ойындарына қатыстым. Биыл қысқы Азиада ойындарында бағымды сынап көрдім. Жарыс барысында ауа райына үйренісе алмадық. Әсіресе, жекелей сында біршама қиындық туды. Бірақ, соған қарамастан күш-жігерімді салып, қарсыластарымнан басып оздым, – деді Владислав Киреев.

Александр Борисевич – «Сарыарқа» хоккей клубының ойыншысы. Жерлесіміз ұлттық құрама сапына жастар және кіші жасөспірімдер санатында жүргенде өткен. Бүгінде ересектер арасында ұлттық құрама сапында өнер көрсетеді. Ақ Азиада ойындарында қарағандылық хоккейші қарсыластар қақпасына үш гол салып, команданың жеңісіне сүбелі үлес қосты.

Суретті түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

# Аймақта – жаңа басқармалар

**Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен кезектен тыс XXIII сессияда халық қалаулылары облысты басқарудың жаңа схемасын мақұлдады. Оған сәйкес облыста бұдан былай 24 емес, 23 бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болады. Бұл қатарда жаңадан құрылған туризм басқармасы да бар.**

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»




Жалпы, облыс әкімдері жергілікті атқарушы органдардың құрылымын жылына бір рет өзгертуге құқылы. Бұл шешім жергілікті басқаруды тиімді ету және әкімдерге қажетті өзгерістерді енгізу үшін басқару құрылымдарын жаңарту мүмкіндігін беру мақсатында қабылданған. Әкімдер осы құқықты қолдана отырып, жергілікті атқарушы органдардың құрылымын оңтайландыру, олардың жұмысын жетілдіру және әкімшілік шығындарды азайту үшін өзгерістер енгізуі мүмкін. Бұл шара жергілікті деңгейдегі басқару процестерінің тиімділігін арттыруды көздейді.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиевтың айтуынша, өңірді басқарудың қолданыстағы схемасына өзгерістер енгізу шығыстарды оңтайландыруды, бейінді емес функцияларды қысқартуды және бюджет қаражатын үнемдеуді көздейді.

– Ұсынылған өзгерістерге сәйкес, жер қатынастары басқармасын ауыл шаруашылығы басқармасына қосу арқылы Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы құрылады. Сондай-ақ, облыстың қаржы басқармасына мемлекеттік сатып алу басқармасын қосу арқылы қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы пайда болады. Оның міндетіне бюджеттің атқарылуы мен мемлекеттік сатып алуды басқару функциялары кіреді. Сондай-ақ, облыстың өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасына кәсіпкерлік басқармасын қосу арқылы облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы құрылады, – дейді Ерлан Ғалиев.



Одан бөлек, экономика басқармасына қаржы басқармасының бюджеттік жоспарлау бөлігіндегі функциялары беріледі, нәтижесінде экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы құрылады. Сонымен қатар, сыртқы байланыстар функциясы берілетін бір жаңа басқарма – туризм басқармасы қалыптасады.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қаулысымен облыс әкімдеріне жылына бір рет жергілікті атқарушы органдардың құрылымын өзгерту құқығы берілген. Осы құқықты пайдалана отырып, облыс әкімі бірқатар басқармаларды қайта құруды ұсынды. Бұл өзгерістер жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін енгізілуде, – деді Нұркен Кобжанов.

Облысты басқарудың жаңа схемасын облыстық мәслихат депутаттары бірауыздан мақұлдады.

Бұған қоса, депутаттық корпус Қарағанды мен Сарандағы бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекітті.

Сонымен қатар, сессия шешімімен облыс әкімі жанындағы жер комиссиясы, құқық бұзушылықтардың алдын алу комиссиясы, нашақорлыққа, есірткі бизнесіне, адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия сияқты консультативтік-кеңесші органдардың құрамы мақұлданды. Одан бөлек, кәсіпкерлік және өнеркәсіп жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің және тағы басқаларының құрамы келісілді.

Суреттерді түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

● ЛЕБІЗ

# Бірлік пен мейірім символы

**Жыл сайын 1 наурызда Алғыс айту күнін атап өтеміз. Ал, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына биыл – 30 жыл. Бұл күні бір-бірімізге ризашылығымызды білдіріп, қоғамдағы ынтымақ пен бірліктің мәнін санада тағы бір рет салмақтаймыз.**



Коллажды жасаған Арайлым Көктаева

Алғыс айту күні – бұл аға буынға және елдің дамуына үлес қосқандардың барлығына алғыс айту мерекесі десек те, бірлік, жауапкершілік және өзара жанашырлықтың маңызын және бір еске салады. Мереке аясында әр адамға, оның еңбегі мен мәдениетіне құрметпен қарауға негізделген қазақстандық бірегейлік моделінің маңыздылығын түсіндіруге, насихаттауға тырысамыз. Өйткені, ұлттық бірегейлік пен бірлікті нығайту – мемлекет тұрақтылығының, өркендеуінің негізі.

Бұл күні бірлік пен ынтымақ зор мәнге ие. Себебі, біздің баршамызды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар. Кәсіби һәм азаматтық борышын адал атқаратын жандардың еңбегін бағалау – парыз. Өйткені, ол тарихи жадыны сақтауға және қоғамды нығайтуға бағытталған қадам екені сөзсіз. Сондықтан да, қиындықтарға қарамастан кәсібіне және азаматтық жауапкершілігіне бекем азаматтарды құрметтейтініміз даусыз.

Этносаралық келісім мен тұрақтылықты тұғырлы етуге сүбелі үлес қосып, 30 жыл бойы өз миссиясын мүлтіксіз орындап келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы – назарда. Қазақстан халқы Ассамблеясы – көпмәдениеттіліктің символы ғана емес, сонымен бірге, әлеуметтік ынтымақтастықтың маңызды факторы. Ол бізге азаматтық қоғамды нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды насихаттауға көмектеседі, бейбітшілік пен келісім үшін жағдай жасауда маңызды рөл атқарып келеді.

Кеншілер астанасында Алғыс айту күні облыс әкімінің қатысуымен «Адамгершілік – асыл қасиет» облыстық форумы өтеді. Биылғы форум барысында «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 30 жыл» естелік тақтасы ашылады. Бұл Ассамблеяның қоғам дамуына қосқан орасан зор үлесін насихаттау мен құрметтеудің символына айналмақ. Мереке күнгі шаралар қоғам қайраткерлері, ҚХА өкілдері, жастардың қатысуымен Тәуелсіздік стелласына гүл шоқтарын қою рәсімімен жалғасады.

Жалпы, облыс бойынша Алғыс айту күніне 100-ден астам түрлі форматтағы іс-шаралар жоспарланған. Оның ішінде, концерттер, дөңгелек үстелдер, «Қайырымдылық керуені» жобасының акциялары, спорттық іс-шаралар, «Алғыс эстафетасы» челленджері, флешмобтар және басқа да маңызды шаралар бар.

Алғыс айту күні қарсаңында «Алғыс айту эстафетасы» челленджі басталды. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында челленджді өткізу кезінде жұмысшы мамандарға назар аударамыз. Өйткені, олар біздің экономикамыздың негізін құрайды. Медицина мен білім беруден бастап, тәртіп пен өрт қауіпсіздігін қорғауға дейінгі әртүрлі салада тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұл күні біз адалдық пен еңбекқорлықты дәріптей отырып, қоғамның дамуына үлес қосқан азаматтар мен азаматшаларға алғыс жаудырамыз.

Аға буынға, ата-аналарға, мұғалімдерге, тәлімгерлерге, жаттықтырушыларға, әріптестер мен көршілерге алғыс білдірудің де мағынасы тереңде. Алғыс айту – бұл сөздер жиынтығы емес, бір-бірімізге көрсететін ілтипат пен құрмет. Әлеуметтік желілерде жастар аға буынға, мұғалімдер мен тәлімгерлерге көмек пен қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіретін, сондай-ақ, игі істер арқылы құрмет көрсетілген бейнежазбалары бар челленджді іске қосылады.

Бүгінгі таңда жаһандану және әлемдік жылдам даму жағдайында бірегей болмысымызды, құндылықтарымызды және тарихымызды сақтау – міндет. Қазақстан халқы Ассамблеясы 30 жылдан бері бізге біртұтас, бір үйдің баласындай тату өмір сүріп, адал еңбек арқылы ел дамуына үлес қосуға көмектесіп келеді және ұрпаққа аманаттау үшін осы дәстүрді, мұратты алдағы уақытта да көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз.

Алғыс айту күні құтты болсын, құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!

Бұл күн – өзара құрметіміздің, ынтымағымыз бен бірлігіміздің символы!

**Нұрлан БИКЕНОВ,**
**Қарағанды облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы**

# Өткенге тағзым, бүгінге алғыс!

**(Соңы. Басы 1-бетте).**

Өңір саяси тұрғыдан ерекше болды. Себебі, аймақта ҚарЛагтың бой көтеруі бұл жерде қуғындалған ұлт пен ұлыстардың кіл қаймақтары шоғырланғандығын айтпай-ақ аңғаруға болатын еді.

Шешен ұлтының ақсақалы Асламбек Аптаев «Қазақтардың кеңдігі болмаса, біз қазір болмас едік» деп терең тебіреніспен еске алады. Немістер де, кәрістер де, басқа да этнос өкілдері қазақтың сол бір ұлы мейіріміне бас иіп, ризашылық білдірді. Міне, 1 наурыз – осындай бауырластықтың, достықтың, шынайы рақымшылықтың күні.

Асламбек Аптаевтың бұл сөзі – бүтін бір халықтың басынан өткен ауыр тағдырдың, сол қиын-қыстау кезеңде қазақ халқының көрсеткен шексіз мейірімі мен адамгершілігінің айғағы.

– 1944 жылы ақпан айында мыңдаған шешен мен ингуш бір түннің ішінде туған жерінен күштеп көшірілді. Жасы да, кәрісі де вагондарға тиеліп, белгісіз бағытқа жөнелтілді. Аштық, ауру, суық – жол бойында қаншама адамның өмірін қиды. Бұл халық үшін нағыз геноцидке тең нәубет еді. Бірақ, олар қазақ жеріне табан тірегенде, бұл далада оларға бауырындай қараған халық бар екенін білді. Қазақ ауылдары шешендерді тек босағасынан аттатқызып қана қоймай, өздерінің соңғы тілім нанын бөліп берді. Сол жылдары қазақтардың өзі аштық пен ауыртпалықты бастан кешіп жатса да, «жетім-жесірді жылатпа» деген ата-баба өсиетін орындады. Бір ғана мысал, Қарағанды маңындағы кішкентай ауылға жүздеген шешен отбасы жеткізілді. Бейтаныс далада бүрсең қаққан оларды қазақ әйелдері үйлеріне кіргізіп, отбасымен бірге дастарқан басына отырғызды. Қазақ аналары өз балаларына қандай қараса, соларды да сондай мәпеледі. Тіпті, анасының жанында жаурап тұрған кішкентай шешен баланы көріп, қазақ кемпірі өзінің соңғы бір шекпенін шешіп, үстіне жауып, бауырына басқан екен, – деген мәліметтерді алға тартқан сол кезде қазақтардың мейірімін сезінген Асламбек Аптаев пен оның кандастары бұл жақсылықты ешқашан ұмытпайтынын разылықпен жеткізді.

Ал, қазақ халқының кез келген перзенті болса, алдымен ата-анасының алғыс, батасын алуға тырысқан. «Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деген сөз – соның айғағы. Әке – шаңырақтың тірегі, ана – отбасының шуағы. Сол себепті, қазақ үшін ата-ананың алғысын алу жақсы перзенттің көрінісі болған. Қазақ халқы ата-бабасына, ұстазына, досына, елі мен жерін қорғаған батырларға да ағынан жарылып, алғыс айтқан. «Батыр – елге қорған, білімді – елге шуақ» дегендей, ұлт үшін аянбай тер төккен қайраткерлердің еңбегін ешқашан ұмытпаған. Сонымен қатар, қазақ жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған халық. Сондықтан, тағдыр тәлкегіне түскен, аштық пен соғыстан қашып келген өзге ұлттармен де барын бөліскен. Бүгінде қазақ даласында 130-дан астам ұлт өкілі бейбіт өмір сүріп жатса, бұл – бауырмалдықтың, кеңпейілділіктің, адамгершіліктің көрінісі.

«Алғыс айту күні – бірліктің белгісі» деймiз. Қазіргі таңда 1 наурыз – тек тарихи естеліктерді жаңғырту күні ғана емес, сондай-ақ, адамдардың бір-біріне алғыс білдіру күні. Бұл күн – көпұлтты Қазақстан халқының татулығын, ынтымағын нығайтатын мейрам. Достық пен мейірімділік ұғымдарын жаңғыртатын ерекше күн. Алғыс айту – адамның жан дүниесін байытатын, өмірге деген көзқарасын өзгертетін рухани құндылық. Сондықтан, қазақтың кеңдігі мен дархандығын ұмытпай, жақсылыққа жақсылықпен жауап қайтару – баршамыздың парызымыз. Қазақ жақсыға алғысын жаудырған халық. Ендеше, бүгінгі күні біз де ата-анамызға, туған-туысымызға, достарымызға, бізге қол ұшын созған адамдарға шынайы ризашылығымызды білдірейік. Алғыс айту – жүректен шыққан жылы сөз ғана емес, татулық пен бірліктің белгісі екендігін ұмытпасақ, болғаны.



Сурет ашық дереккөздерден алынды

● БІЛЕ ЖҮРЕР БІР ДЕРЕК

# Әлем алғыс айтады

**Бейбітшілік пен келісімнің салтанатты үлгісіне айналған Алғыс айту күні тыныштық пен берекеге ұндейді. Елімізде жылда аталып өтетін мереке айналамыздағы барша адамзатқа алғыс айтып, ризашылық білдіретін үлгілі күнге айналған. Достық пен махаббат, мейірімділікке ұласқан бұл күн әлем халықтары арасында да бар.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Мысалы, америкалықтар Алғыс айту күнін «День Благодарения» деп атайды. Көптен көріспеген отбасы мүшелері дастарқан басына жиналып, күркетауық етін жейді. Бұл дәстүр жалпы «Отбасы күні» болып саналады.

Ал, жапондықтар үшін бұл жыл сайынғы «Еңбек күні». Жылда 23 қарашада Kinrō Kansha no Hi күні мерекеленіп, адамдар өздерін жұмыспен қамтамасыз еткен жұмыспен берушілерге алғыс айтқан. Жалпы, Алғыс айту күні Жапонияда 1948 жылы пайда болған. Соғыстан кейін жұмыссыз қалған халық жұмыс бергендерге рахмет айтатын болған. Тарих беттері жапондықтар күріштің мол өнімі жиналғанда алғыс айта бастағанын аңғартады.

Беларусь елі атап өтетін Дажынкі, орысша айтқанда, «Дожинки күні» қыркүйек айының соңына сәйкес келеді. Белоруссияда ауыл шаруашылығы экономиканың негізгі саласы болып есептелетіндіктен, мереке қалалар мен ауыл-аймақтарда үлкен ауқымда өтеді. Егін жинаудың соңғы күні деревнядағы ең құрметті әйел бір топ әйелдерді ертіп, егін даласына шығып, орақпен егін орған. Орақшы әйел бір-бір масақтан қалдырып, бау байлаған. Масақ жинаған әйелдер деревняға әнмен оралып, оларды халық дәм-тұзбен қарсы алған. Осы әдет дәстүрге айналып, халық Жер-анаға мол егін бергені үшін алғыс жаудыратын болған.

Герман халқында Алғыс айту күні қазан айының алғашқы демалыс күнінде. Бұл ел мерекені егін алқабында атап өтеді. «Келер жылы да астық пен жеміс-жидек,



Коллажды жасаған Арайлым Көктаева

көкөніс мол болсын» деген ниетте тағдырға, Жер-анаға алғыс білдіріп, рахмет айтуға жиналады.

Канадалықтар Алғыс айту күнін арғы аталарының Атлант мұхитын сәтті асып өтуімен ерекшелендіреді. Мерекені 1578 жылы Мартин Фробишердің Ньюфаундлендке көшіп келуімен байланыстырады. Француз тілінде L'Action de Grâce күні жыл сайын қазанның 2-дүйсенбісінде аталып өтеді.

Вьетнамда және Қытайдың кейбір аймақтарында Алғыс айту мерекесі Tet Trung Thu деп аталады. Грегориан күнтізбесіне сәйкес, мереке қыркүйектің аяғы мен қазанның басына сәйкес келетіндіктен, «Күз ортасындағы фестиваль» деген мағынаны береді. Атаулы күнде жергілікті халық аңыз бойынша жерге жауын жіберіп, мол астық берген айдаһарға алғыс айтады екен. Мерекені ауыл-аймақ болып тойлау дәстүрге айналған. Бұл түнде вьетнамдықтар айға қадала қарап, ел болашағын болжайды. Балаларын түрлі-түсті киімдермен сәндеп, шеруге шығарады. Өйткені, олардың аңыздары бойынша балалар айдан туылады.

Үндістер мереке сайын дұға оқып, Құдайға алғыс айтуды әдетке айналдырған. Алайда, үнділер арасында бір-біріне Алғыс айту деген түсінік жоқ. Мысалы, қарапайым үнді отбасында анасы тағам дайындап бергені үшін оған алғыс айтпайды, себебі, бұл оның міндеті ретінде қалыптасқан. Достар көмек сұрап, ешқашан өтініш жасамайды. Өйткені, дос әрқашан өтінішсіз көмек көрсетуі тиіс деген түсінік бар.

# Ортақ парыз, ортақ мүдде, ортақ міндет

**Қазақстан халқы Ассамблеясы алғашында елімізді мекен еткен ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулық пен бірлікті үйлестіруші орган болып құрылғанымен, уақыт өте келе, ол қоғамды біріктіруші ұлы күшке айналды. Ассамблея төңірегіндегі көпфункциялы қызметтер мазмұны мен 30 жылда атқарылған жұмыстар нәтижесі осы сөзімізді қуаттайтыны даусыз. Әлемнің ешбір елінде баламасы жоқ бірегей институттың қызмет аумағы кеңейіп, тарихи жауапкершілігі мен біліктің барлық тармағы алдындағы ықпалы артып келеді.**


Сурет ашық дереккөзден

Береке мен бірлікті, ымыра мен ынтымақты қадірлеу – ежелден қанымызға сіңіп, жанымызға жалау болған асыл қасиетіміз. Жарасымдылық пен сыйластықты ғасырлар бойы жалғаған бабалар дәстүрі бүгін де жойылған жоқ. Біртұтас еліміз бейбітшіліктің бесігіне айналып, біздің бұл өнегеміздi әлемнің аса беделді сарапшылары мен халықаралық ұйымдары бірауыздан әлем халықтарына үлгі боларлық басты жетістігіміз деп мойындады. Тарихтың ұрымтал сәттеріндегі сын-қатерлерге төтеп беріп, іргеміздi берік етіп отырған да – осы тұтастық пен тұрақтылық. Елімізде ұлт пен ұлыстың ұйытқысы болып, 100-ден аса этносты бір шаңырақ астына біріктірген іргелі институт Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – 1 наурыз Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Алғыс айту күнінің шығу тарихы да тарих тоғыстырған этностардың қазақ жұртының ерекше мейіріміне көрсеткен құрметімен байланысты.

Бүгінде Ассамблея ұлтаралық келісім мен бірлікті нығайтуда, жас ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттауда, адамгершілік құндылықтарын ілгерілетіп, білім мен кәсіпқойлықты құрметтеуді мақсат етеді.

«Қарияң болса елінде – жазып қойған хатпен тең», – дейді халық даналығы. Қазыналы қария – даналықтың, терең өмірлік тәжірибенің символы. Иә, аға буын – қашан да өткен мен бүгінгінің арасындағы алтын көпір іспетті, мол рухани қазынаға ие және өскелең ұрпақ үшін өмір мектебі. Әсіресе, бүгінгідей ақпараттық технология ғарыштық жылдамдықпен дамыған, жаһандану дәуірінде аға буынның өнегесі мен өмірлік тәжірибесі қоғам үшін аса қажет. Осы тұрғыда ақсақалдар институтын қайта жаңғырту қажет деген бастама күн тәртібіне көтерілді. Себебі, бұл ел ішіндегі маңызды мәселелерді шешу, тарихи құбылыстарды таразылауда салмақты орын алады.

Мемлекет басшысы Қасым-

> **Адалдық жолы – тура жол. Қоғамды құратын – халық, жеке тұлға. Ақиқатқа арқа сүйеген әділетті қоғам орнату үшін алдымен адам адал болуы керек. Бір адамның адалдығы қоғамға аздық етеді. «Әділетті Қазақстанды» адал азамат қана дамыта алады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады.**

Биылғы Алғыс айту күні қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған Ақсақалдар кеңесінің республикалық отырысы Сарыарқаның төсінде, ел индустриясының қара қазаны – Қарағандыда өтті. Қоғам өмірінде зор маңызы мен салмағы бар бұл кеңес әр өңірде тағылымы мен тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқаруда. Құрамына енген қоғам қайраткерлері, ел мүддесі жолында қызмет қылып жүрген ағалар, тағдыры қазақ халқымен тамырласқан этностар ортақ мақсат, бір мүдде төңірегіне топтасты. Кеңестің басты идеологемасы – Патриотизм және Тәрбие. Ол Қазақстан халқының іргелі құндылықтары негізінде жастар мен балаларды тәрбиелеу жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған. Сондай-ақ, отбасылық құндылықтарды нығайтуды және жауапты тұлғаны тәрбиелеуді, жас ұрпақты еңбекке құрметпен қарауға, адалдық пен үнемшілдікке тәрбиелеуді, өскелең

Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасы негізінде «Адал азамат» тұжырымдамасын енгізудің маңыздылығын атап өтті. «Адал азамат – ең жақсы қасиеттерге ие, адал еңбекпен, әділдік негізінде табысқа жететін адам», – деген Президент прогрессивті қоғамға кол жеткізу үшін азаматтардың дүниетанымын өзгерту және жаңа құндылықтарды қалыптастыру қажеттігін айтты. Осыған байланысты Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі «Адал Азамат» жобасын іске асыру бойынша бастама жасаған еді.

Адалдық жолы – тура жол. Қоғамды құратын – халық, жеке тұлға. Ақиқатқа арқа сүйеген әділетті қоғам орнату үшін алдымен адам адал болуы керек. Бір адамның адалдығы қоғамға аздық етеді. «Әділетті Қазақстанды» адал азамат қана дамыта алады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс.

Тәрбие басы – тіл, отбасы, мектеп, мейірім, өзара құрмет. Тәрбиемен коса берілген білім – өркениет көшіндегі өлшемі жоқ байлық. Ал «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Бұны заманында ғұлама ұстаз әл-Фараби айтып кеткен. Осы сәтте жас кезімізде үлкендер жиі айтатын: «Адам бол, содан кейін маман бол», – деген сөзі ойыма оралып отыр. Ассамблея жанындағы Ақсақалдар кеңесінің де ұстанымы – осы.

Сондықтан, ҚХА Ақсақалдар кеңесі жас ұрпақтың бойында адалдық, әділеттілік және патриотизм құндылықтарын қалыптастыру мақсатында жүйелі және кешенді жұмыс жүргізіп жатыр.

Әл-Фараби, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Бауыржан Момышұлы және басқа тұлғалардың тағылымын Ақсақалдар кеңесінің ұстанымымен ұштастыра отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайда атап өткен Тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық секілді басты құндылықтардың мәні және олардың азаматтардың тұлғасын қалыптастырудағы маңыздылығын талдау да – кеңес жұмысының басты бағыттарының бірі. Биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланғандықтан, бұл жұмыс оқу орындарында тәрбиелік іс-шаралар, жастар форумдары, спорттық-бұқаралық іс-шаралар, әскери бөлімшелердегі және еңбек ұжымдарындағы кездесулер және басқа да форматтарда өтеді.

Жастардың бойында өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікті, тарих пен мәдениетке деген құрметті оятуға бағытталған «Туған елге тағзым» тарихи-мәдени экспедицияларын ұйымдастырудың да маңызы зор. Экспедиция арқылы жастар туған жердің бай тарихымен, мәдени мұраларымен танысып, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсінеді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, Бауыржан Момышұлының 115 жылдығы және Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы аясында Ардагерлер кеңестерімен бірлесіп, жастарға патриоттық тәрбие беру, тарихи сананы жаңғырту және батырлардың ерлігін құрметтеу мақсатында бірқатар шаралар ұйымдастыру ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, этномәдени бірлестіктермен, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып, әскери-патриоттық әндер конкурсын, ұлттық спорт сайыстарын ұйымдастыруды жоспарладық.

Атап өтейін, Кеңес өнер адамдары және асабалармен жұмыс жүргізуді қолға алды. Қоғамда саналы мәдениет қалыптастыру – бүгінгі күні аса маңызды міндеттердің бірі және қажеттілік. Тәрбие құралы болып саналатын той-жиындарға арнайы ереже енгізу, тәрбиелік мазмұнды күшейту, сөз мәдениетін жақсарту және әлеуметтік мәселелерді көтеру және бар. Ақсақалдардың өмірлік тәжірибесі өнер адамдарына рухани құндылықтарды таратуға негіз бола алады.

> **Жастардың бойында өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікті, тарих пен мәдениетке деген құрметті оятуға бағытталған «Туған елге тағзым» тарихи-мәдени экспедицияларын ұйымдастырудың да маңызы зор. Экспедиция арқылы жастар туған жердің бай тарихымен, мәдени мұраларымен танысып, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсінеді.**

Блогерлердің жастар арасындағы ықпалын ескере отырып, ақсақалдар олардың контентіне әділдік, адалдық және патриотизм сияқты құндылықтарды енгізуге бағыт-бағдар бере алады.

Нашақорлық, құмар ойындарға тәуелділік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылдық сияқты салдары орасан әлеуметтік кеселдермен күресудегі жұмыс та күн тәртібінде.

«Жомарт Жан», «Жаңа толқын», «Тамырлас» жобалары да жүзеге асады. Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында «Адал еңбек – Адал кәсіп» қағидаты негізінде еңбек құндылықтарын насихаттау алға қойылды.

Еліміздің әр аймағында құрылған аудандық, ауылдық кеңестер осы жүйелі жоспар аясында тыңғылықты жұмысты бастады. Және ол жалғаса берер болады.

Шежіресі сақталған елдің, шежіресіші де сақталады. Кеңес құрамындағы әр азаматтың өмірлік тәжірибесі, қоғамдық пікір қалыптастыру қабілеті, көшбасшылық, даналық, аталық, абыздық жолдары әрі қасиеттері бар. Ұлт пен қоғам мүддесі жолында бірлесе атқарған жұмыс ұлттың жаңа сапасын қалыптастырмақ. Біз жүрген ізбен өскелең ұрпақ, жас буын келеді. Мемлекет болашағы – солардың қолында. Оларға ізгі жол көрсету – біздің ортақ парызымыз.

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,**
**ҚХА мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты**

● БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

# «Қазақтың жақсылығын ұмытпаймыз!»

**Елдегі поляктар одағы – 1994 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында құрылған үлкен әрі алғашқы одақтың бірі. Қазіргі деректерге сүйенсе, елдегі ұлт өкілдерінің саны 35 мыңға жуықтаған. Ал, Қарағанды облысы – поляк ұлты ең көп шоғырланған аймақтың бірі. Бүгінде ұлт өкілдерінің саны үш мыңнан асып жығылады. Поляк мәдениетін насихаттап, ұлттың бірлігін нығайту мақсатында жүдырықтай жұмылған.**




**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір Қарағандыда облыстық «Полония» поляк қоғамы білім беру, мәдени-ағартушылық бағытында поляк салтын қайта жандандыру жолында еңбек етіп келеді. Қоғам екі мемлекет арасындағы көпірге айналған.

– Біздің басты мақсат – поляк ұлтының тілін, салт-дәстүрін ұрпақтарымыздың бойына сіңіру. Жасыратыны жоқ, қазақ елінде өмір сүріп жатқанымызға шын бақыттымыз. Себебі, бізге мүмкіндік беріп, қолдау көрсетіп отырған – қазақ елі. Жақсылығын ешқашан ұмытпаймыз. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Польша мемлекеті арасында келісім бар. Тіл үйренгісі келгендерге тегін курс бар, – деді облыстық «Полония» поляк қоғамының басшысы Виталий Хмелевский.

Көптеген этномәдени бірлестіктер өз істерін көрсетіп-ақ келеді. Бірақ, «Полония» поляк қоғамы – керісінше. Арық сөйлеп, семіз шыққанды жөн көреді. Мәселен, жыл сайын Қазақстанның әртүрлі қалаларында заманауи поляк фильмдерін көрсететін «Висла» кинофестивалі тарихи және басқа да жанрда түсірілген үздік киноларын көрермендерге ұсынады. Одан бөлек, Қарағандыда жыл сайын Адам Мицкевич атындағы «Кресло» мәнерлеп оқу сайысы өткізіледі. Ал, байқаудан ерекше көзге түскен екі қатысушыға Польшаның Белосток қаласында өтетін халықаралық байқауға жолдама беріледі. Көкшетауда республикалық «Полония әні» фестивалі де дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Жыл сайын республика көлемінде «Қазақстанға деген менің махаббатым» тақырыбында жастар арасында байқау дәстүрі үзілген жоқ.

– Қазақстан барша этностарға тең құқық пен мүмкіндік беріп, олардың ана тілін үйренуіне, салт-дәстүрлерін сақтауға барлық жағынан қолдау көрсетіп келеді. Жалпы, адам баласы жасаған жақсылықты, көрсеткен қамқорлықты түсінбесе, онда бойында рақымшылық қасиеті жоқ деген сөз. Біздің Қазақстанға құрметіміз ерекше. Алғысымыз зор! Ұлтымыз басқа болса да, бәріміз – бір елдің азаматымыз. Бір шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз. Мүмкіндігіміз тең құқығымыз тең. Мұндай бейбіт өмір сүрудің өзі бір бақыт екен, – деді Виталий Альбертович.

*Сурет В.Хмелевскийдің жеке мұрағатынан*

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

**30 жыл ішінде облыстық ҚХА түрлі бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырды. Оның негізгі жетістіктері ретінде этномәдени бірлестіктердің дамуын ерекше айтуға болады. Бүгінде облыста өз ұлттарының дәстүрін, мәдениетін, тілін сақтауға және дамытуға зор үлес қосып келе жатқан жиырмадан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді.**

● КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

# «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз!»

**Еліміздегі толеранттылық идеяларын, қазақстандық қоғамның рухани тұрақтылығын, сондай-ақ, жалпыадамзаттық және моральдық құндылықтарды насихаттауда Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы тиімді жұмыс істеп келеді. Университеттің бакалавриат, магистратура және PhD докторантураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды даярлайтын ең ірі құрылымдық бөлімшелерінің бірі.**

Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары қауымдастығының белсенді мүшесі және Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» мекемесімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға бағытталған іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырады. Олардың қатарында дөңгелек үстелдер, конференциялар, тимбилдингтер, пікірсайыс турнирлері, эссе байқаулары мен туған өлке туралы бейнероликтер жасау сияқты шаралар бар.

Кафедраның профессор-лық-оқытушылар құрамы толеранттылық идеяларын, қазақстандық қоғамның рухани тұрақтылығын, сондай-ақ, жалпыадамзаттық және моральдық құндылықтарды насихаттауға белсене атсалысады.

Кафедрада еліміздің этникалық және мәдени алуандығын ескере отырып, тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қолдауға бағытталған ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – Қазақстан қоғамының әлеуметтанулық трансформациясы жағдайында студент жастар арасындағы этносаралық қақтығыстардың алдын алу бойынша институционалдық реттеу. Зерттеудің түпкі нәтижесі – этносаралық қақтығыстардың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге арналған «Кросс-мәдени диалог» атты цифрлық платформаны құру. Бұл платформа этносаралық шиеленісті төмендетуге бағытталған.



«Біз әртүрліміз, бірақ, теңбіз!» – бұл кафедраның стратегиялық бағыттарын айқындайтын қағидалар. Кафедра құрылған күннен еліміздің инженерлік корпусын дайындау барысында олардың бойында толеранттылық, этносаралық бірлік пен жоғары жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруды басты міндет етіп келеді. Білім мен ғылым арқылы жастар бірін-бірі түсінуге ұмтылады, айырмашылықтар арасында «қабырға тұрғызбай, көпір салуды» үйренеді.

Осы тұрғыда Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің есігі конструктивті диалог, өзара ынтымақтастық және студенттер, оқытушылар мен әртүрлі мәдени және этникалық топтар арасындағы белсенді өзара әрекеттестік үшін әрдайым ашық.

**Динара ШОРМАНБАЕВА,**
**Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ кафедра меңгерушісі, PhD,**
**Руфина ШАРИПОВА,**
**аға оқытушы, философия ғылымдарының магистрі**

● ФЕСТИВАЛЬ

# Еңбек – бәрін жеңбек

**Мемлекет басшысы жаңа Қазақстан жастары үшін маңызды басым үш бағытты атап айтқан. Ол – білімге құштарлық пен талпыныс әрі еңбекқорлық және патриотизм. Президент осындай жастар арқылы еліміз бәсекеге қабілетті болады деп атап көрсетті. Осы орайда аймақ жастары «Сарыжайлау» кинотеатрында дәстүрлі «Қарағанды – достық пен бірліктің астанасы» фестивалін өткізді.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға жеті колледж қатысты. Жастар бағдарламаларды ұсынды.

– 2025 жыл – маңызды оқиғалар мен атаулы мерекелерге толы. Соның ішінде, айрықша орын алатыны – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы бар. Биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» да ерекше назарда.

Еліміз ынтымақ пен бірлікті ту ету арқылы жасампаздыққа ұмтылды. Біз инновациялық экономиканы дамытып, «Мен қазақстандықпын, менің елімде барлық есік мен үшін әрқашан ашық!» деп мақтанышпен айта алатындай әділетті қоғамды құрып жатырмыз, – деді Қарағанды құрылыс-техникалық колледжі директоры Әсел Сапарова.

Фестивальде мектептердің жоғары сынып оқушылары кәсіби бағдар алды.

– Кәсібін таңдап, сахна төрінде өз мамандығы туралы жан-жақты айтқан аға буынның әңгімесі мектеп оқушыларының мамандығы мен кәсібін дұрыс таңдауына бағыт-бағдар берері сөзсіз, – деп атап өтті қазіргі заманғы көппрофильді колледж директоры Айдана Советбекқызы.

# Бірліктің бірегей институты

**Еліміздегі тұрақтылықты нығайтуда, бейбітшілік пен келісімді сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясы ерекше рөл атқарады. Яғни, мемлекет құрушы қазақ халқының айналасына Қазақстандағы сан алуан этностарды топтастырып, рухани жаңғыру мен бірлікті нығайтуға ықпал ететін игілікті институтқа айналды.**



Қарағанды облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы – өңірдегі азаматтық қоғамның алдыңғы шебіндегі ұйым. Аталған институт әрбір этномәдени бірлестік өкілінің азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, қазақстандық патриотизмді нығайтуға, ұлтаралық және дінаралық келісімді бекемдеуге зор үлес қосып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының бастауында тұрған ұлттық-мәдени орталықтар қатарында «Видергебурт» неміс қоғамы, Қазақстан кәрістері қауымдастығының Қарағанды ұйымы, еврей мәдени орталығы, «Ихлас» татар-башқұрт орталығы, «Авги» грек қоғамы секілді бірлестіктер бар. Негізі 1989-1992 жылдары қаланып, осы кезеңде Қазақстанда демократияландыру үдерістері қарқынды дами бастады. Алайда, ұлттық-мәдени орталықтар мен этностық қауымдастықтардың қызметіне ерекше серпін берген басты оқиға – Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. Осы жолда Қарағанды облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасуында қазақ халқының парасаты мен түсіністігі үлкен рөл атқарды.

Жоғарыда аталған алғашқы этномәдени орталықтардың жұмыс тәжірибесі ұлттық фольклорлық шараларды өткізуден, дестелі дәстүрлерді қайта жаңғыртуға алғашқы қадам жасаудан, ана тілін оқып-үйренуден қалыптасты. Сол кезеңде алғашқы жексенбілік мектептер ашылып, онда балалар халық қолөнерінің қарапайым әдістерін меңгеріп, ұлттық әдет-ғұрыптар мен ойындарды үйреніп, ана тілінде сөйлеуге машықтанды. Кейін бұл тәжірибе ерекше сұранысқа ие болды. Өйткені, Қарағанды қаласында ғана емес, облыс аумағында да жаңа этномәдени бірлестіктер пайда бола бастады. 2008 жылға дейін «Ұлттық-мәдени орталықтар» деп аталған этностық қоғамдық бірлестіктердің жұмысын үйлестіру мақсатында Ұлттық-мәдени орталықтар жетекшілерінің кеңесі құрылды. Ол орталықтардың өзара іс-қимылын реттеп, олардың қоғамдық-саяси маңызы зор іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етті. Осылайша, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы өңірдің қоғамдық өмірінде маңызды орын ала бастады. Уақыт өте келе, оның дауысы Қазақстан халқы Ассамблеясының бірыңғай үнінде айқын естіле түсіп, қоғамның ынтымағы мен бірлігін нығайту ісінде өзіндік рөл атқарды.

Ұлттық-мәдени орталықтарды ортақ «Этномәдени бірлестіктер» атауымен біріктіру ұсынылды, бұл олардың қызметінің мәні мен мақсаттарын дәлірек айқындады. 2007 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясы жаңа атауға ие болып, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» (ҚХА) деп аталды.

Қарағанды облысында ғылыми-сараптамалық топ 2010 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ол өңірдегі этносаралық қатынастар саласындағы ғылыми зерттеулерді анықтап, үйлестіреді, сондай-ақ, этномәдени бірлестіктердің тәжірибесін зерделейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық датасын атап өтіп, біз оның негізін қалаған, аса гуманистік дәстүрді қалыптастырған тұлғаларды еске алмауымыз әсте болмас. Олардың қатарында Беларусь этномәдени қоғамының негізін қалаған Анатолий Васильевич Майсюк, Қарағандыдағы алғашқы еврей қауымдастығының төрағасы Михаил Яковлевич Фаликович, «Полония» этномәдени орталығының негізін қалаушы Александр Казимирович Сваричевский, «Намус» әзірбайжан бірлестігінің жетекшісі Агиф Галим-оглы Мамедов, «Рідне слово» украин тілі қоғамының төрағасы Мирослав Николаевич Зеленяк, Қазақстанның бұрынғы сенаторы, «Видергебурт» орталығының негізін қалаушы Виктор Эдуардович Кист сынды есімдері елге белгілі азаматтар бар.

Біз облыс басшыларын, мемлекеттік басқармалар мен қызметтердің жетекшілерін, этномәдени бірлестіктер мен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына қолдау білдіріп қана қоймай, өз жан жүрегімен, бар күш-жігері мен білімін осы игі іске арнаған азаматтарды зор құрметпен еске аламыз. Олар достық, өзара сыйластық, бейбітшілік пен келісім қағидаттарын жүзеге асыру үшін аянбай еңбек етті. Облыстағы этномәдени бірлестіктерге ерекше қамқорлық танытқан К.Мұхамеджановтың жанашырлығын, қоғамдық бірлестіктердің жетекшілерімен шыдамдылықпен және даналықпен жұмыс істеген С.Нұрмағанбетованың еңбегін, ұлттық мәдени фестивальдердің бастамашысы әрі ұйымдастырушысы болған Р.Омарбекованың сүбелі үлесін біз әрдайым ілтипатпен еске аламыз. Сонымен қатар, әрбір ҚХА мүшесінің мәселелеріне жанашырлықпен қараған М.Әлеева мен Е.Құсайынның еңбегі айрықша. Бүгінде осы дәстүрді асқан ұқыптылықпен сақтап, Ассамблеямен жүйелі әрі мақсатты түрде жұмыс жүргізіп отырған Г.Рымбекованың қызметі де ерекше құрметке лайық.

ҚХА-ның бұл бағыттағы жұмысы әртүрлі буын өкілдерімен мақсатты түрде өзара әрекеттесуді және жастармен көпқырлы бағытты қамтиды. Біз облыстық ҚХА мүшелерінің есімі тек аймақта ғана емес, республика көлемінде кеңінен танылғанын мақтанышпен айта аламыз. Мәселен, «Литуаника» бірлестігінің жетекшісі Виталий Ионо Тварионас – Литваның Қазақстандағы Құрметті консулы, республикалық деңгейдегі қоғам қайраткері ретінде танылып, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Облыстық «Полония» қоғамының жетекшісі Виталий Хмелевский Қазақстан поляктары одағын басқарды. Ал, Қарағанды өңірлік «Ассамблея жастары» ұйымының көшбасшысы, ҚХА тәрбиесін көрген, румын этномәдени бірлестігі «Дакияның» жетекшілерінің бірі Александр Урмашов өз еріктілік қызметі үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын иеленді.

Облыстық ҚХА мүшелері тек ауқымды іс-шаралармен ғана емес, сонымен қатар, ұқыпты әрі мақсатты жеке жұмыстармен де айналысады. Этномәдени бірлестіктер белсенділерінің жүйелі әрі нақты ақпараттық-түсіндіру қызметі ҚХА сессиялары аяқталған немесе Ақордадан жаңа бағдарламалық құжаттар жарияланған сәттен бастап бірден іске қосылады.

Этномәдени бірлестіктер үшін табиғи апаттардан зардап шеккен адамдарға көмек көрсету – маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе, бұл бағытта армян этномәдени бірлестігі «Эребуни», дағыстандық, шешен-ингуш және грузин бірлестіктері үлкен үлес қосуда. Сондай-ақ, ҚХА құрылымындағы «Жомарт жан» орталығының жетекшісі А.Осиннің мұқтаж жандарға көрсеткен нақты материалдық көмегін ерекше атап өткен жөн.

Жаңа тарихи кезеңде Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі арта беретіні сөзсіз. Қазақстан халқы Ассамблеясы әрдайым Тәуелсіз, Әділетті Қазақстанды, біздің «Мәңгілік елді» құруға атсалысатындардың қатарында болады!

**Вилен МОЛОТОВ-ЛУЧАНСКИЙ,**
**Қарағанды облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобының жетекшісі, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, медицина ғылымдарының докторы, профессор**

*Сурет автордың жеке мұрағатынан*

● ЫНТЫМАҚ – ҚОРҒАН

# Халық достығының айнасы

**Қарағандыдағы «Достық үйінде» орналасқан мұражай – этностар арасындағы достықтың, мәдениеттің орталығы. Бұл музей – өңірдегі 23 этномәдени бірлестіктің тарихын, ұлттық мұраларын және халықтар арасындағы ынтымақтастықты насихаттайтын орын. 2017 жылы ашылғаннан бері мұражай Қазақстандағы ең маңызды мәдени нысандардың біріне айналды.**





Мұражайда облыстық ҚХА құрылғанда басы-қасында болған Сұлтан Досмағамбетов, Камали Дүйсембеков, Владимир Минасиан, Николай Матиасхин, Гиви Долидзе, Мирослав Зеленяк, Зинаида Чумакова сынды тұлғаларға арналған естеліктер баршылық. Бұл көрме олардың еңбегі мен аймақтың этносаралық ынтымақтастығына қосқан үлесі ұмытылмасын деген ниетте жасақталған.

Мұражайдағы экспозиция, ең алдымен, қазақ халқының ұлттық киімдері мен тұрмыстық заттарынан бастау алады. Жомарт Маликтің қолдан жасалған домбырасы мен қобызы, Байкен Кикимовтың алюминийден жасалған бұйымдары, Амантай Акишевтің қазан-ошағы, Бұқар жыраудың қорғасыннан жасаған бюсті және тағы басқалары – мұражайдағы ең алғашқы жәдігерлер қатарында. Әр экспонат белгілі бір ұлттың мәдениетін таныстырып қана қоймай, тәрбиелік мәні зор құндылықтарды дәріптейді.




Корей бұрышында олардың ұлттық бұйымдарымен қатар, қазақтың киіз үйі де қойылған. Бұл – корей халқының қазақ халқына деген алғысын білдіретін символдық жәдігер. Мұражайда сақталған ең көне тарихи құндылықтар қатарында Самарқандтан жеткізілген XVI ғасырға жататын медресе тастары, көне түрік жерінен табылған символдар, әлемдегі ең ежелгі армян алфавиті, VII-VIII ғасырларға тиесілі еврей Торалары бар.

Музейдің соңғы толықтырылған құнды экспонаты – Қарағанды облысының бас имамы Естай Әбдіғалидің Дағыстанның Каспийск қаласы имамдар кеңесінің төрағасы Мұрад Исмаиловқа сыйға тартқан қылышы. Ұшаққа алып кіруге болмайтындықтан, қылыш қазір осы жерде сақтаулы. Бұл жәдігер мәдени байланыстардың үздіксіз жалғасып келе жатқанын көрсетеді.

Мұражайда тек ұлттар арасындағы достықты ғана емес, сонымен бірге, әлем діндерінің бір-біріне деген өзара сыйластығын да насихаттайтын көрме бар. Мұнда әртүрлі ұлттардың діндері мен мәдениетін бейнелейтін қасиетті кітап жинақтары ұсынылады. Атап айтқанда, әзірбайжан, украин және неміс ұлттарына тән 1800-1900 жылдары жазылған інжілдің бағалы үлгілері сақталған. Сонымен қатар, Әнет баба мешіті мұражайға 1973 жылы жазылған Құран кітабын сыйлаған.

Мұражайдың қалыптасуына және оны дамытуға ерекше үлес қосқан еріктілер қатарында Акишев Амантай, Мария Скорикова, Зарина Сафарова, Суфия Сатретдинов, Александр Бурых сынды азаматтарды атап өту қажет. Олардың қажырлы еңбегінің арқасында мұражай халықтардың рухани орталығына айналып отыр.

– «Достық» мұражайы – республика көлемінде осындай тақырыпқа арналған бірегей мәдени орын. Мұражайдың ашылу кезеңінде әріптестерімізбен бірге облыс аумағындағы барлық достық және мәдениет үйлерін аралап, зерттеу жүргіздік. Сапар барысында құнды деректер жинап, ерекше экспонаттарды мұражай қорына енгіздік. Бұл мұражайдың қалыптасуына қаламыздағы түрлі этнос өкілдері үлкен үлес қосты. Олар өз еркімен тарихи жәдігерлерін сыйға тартып, мәдени мұраны сақтауға атсалысты. Соның нәтижесінде бүгінде түрлі халықтардың рухани құндылықтары тоғысқан ерекше орта қалыптасты. Мұражай ғимаратында 23 этномәдени бірлестіктің бөлімдері мен арнайы кітапхана орналасқан. Әрбір бөлім мүмкіндігінше безендіріп, мәдени ерекшеліктерін көрсетуге ұмтылды, – дейді мұражай маманы Мүгілсім Шибаева.



Достық үйінің мұражайы – жай ғана жәдігерлер қоймасы емес, ұлттар арасындағы бейбітшілік пен татулықтың жарқын символы. Мұнда түрлі этностардың тарихы мен мәдениеті дәріптеліп қана қоймай, олардың бірлігі мен өзара құрметі айқын көрініс табады. Мұражай өткен мен бүгіннің арасын жалғап, көпұлтты қоғамның ортақ құндылықтарын нығайтуға және халықтар достығын одан әрі тереңдетуге зор үлес қосып келеді. Сондай-ақ, мұражайда тұрақты түрде мәдени іс-шаралар, көрмелер мен кездесулер өткізіліп, әр ұлттың салт-дәстүрін, өнерін, тарихын дәріптеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл жер әртүрлі этнос өкілдерінің бас қосып, өзара тәжірибе алмасуына, ұлттық құндылықтарын жаңғыртуына және достық қарым-қатынасты нығайтуына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда мұражай тек аймақтық емес, республикалық деңгейдегі маңызды мәдени орталықтардың біріне айналып, Қазақстандағы этносаралық татулық пен ынтымақтың шынайы үлгісін көрсетіп отыр.

**Дильяра ӘБІШЕВА,**
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті**

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

**Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ**

# «Барыс жылы туған асау балықпын...»

## әкем Ақсұңқар мен анам Һалифаның аруағына

*(ғұмырбаяндық эссе)*

**(Жалғасы. Басы газеттің №21 санында)**

### Төрт салт атты

Соғыстың шарпып өткен өрті-ай, жылдам,
Естияр ағалардан ерте айырылған, –
Төрт бала –
Қазақ дейтін жыр-еліне,
Төрт атқа мініп келдік – төрт ауылдан.

Дәуітәлі деген, шіркін, қандай жігіт,
Жырлады Жыландысын хандай қылып!
Көргені көзін ашып жылан еді,
Жұтты ғой сол соңынан қалмай жүріп...

Қарасаң, тау басында – обалары,
Әр жерде бір-екі-үштен молалары;
Жүрсіннің туған жері – жер түбінде,
«Жер жоқ, – деп өзі айтады, – одан әрі...»

Көрсетпей өркениет қарасын да, –
Мен туғам Қызыларай даласында.
Өскенмін Мауглидей асыр салып,
Арқар мен арландардың арасында!

Көгілдір Ақсораңның аспаны мен, –
Көк жасыл! –
Көрмедім ғой басқаны мен!
... Ғалымның туған жері – станция,
Пойыздар жүйткиді онда составымен...

Жұт болса, малдан талай бас қырылып,
Арқаның үсті – боран, асты – бүлік;
Ақырып пойыз мұнда өткен сайын,
Ал, бізде жатады ылғи қасқыр ұлып...

Орыс тілінің сөздігін жасаған В.И.Дальдің түбі дат екен. Соны біреу тіліне тиек етсе, ол да мен құсап, жатып кеп ашуланатын көрінеді! «Адамның жаны мен рухы қайда болса, шыққан тегі де – сонда!» деген сөз осы әулие Дальдан қалған! Ол, тіпті, православие дінін өлер алдында қабыл алған. Өзін өмір бойы православпын деп ойлаған! «Ресей православиеден айырылса, ешқашан ел болмайды!» деген де осы ғұлама! Ал, құдай-ау, мен туғаннан мұсылман емес пе ем?!. Көзімді бақырайтып қойып, ұялмай-қызармай, туған елімнен қалай бөледі мені?!

«Ұлы орыс тілінің» (Даль) оралымдығы мен байлығына дәп осы Дальша мағмұрланған орыс жоқ десе болады. «Екі ғасыр бойы шет жұрттан кірген шата сөздер сол бай да, ордалы орыс тілінің берекесін кетірді?!» деп, ойбайдан аттан салады ол! Ең алғашқы «Орыс тілінің түсіндірме сөздігін» жасаған осы «датчанды...». Біз де Даль болмасақ та, хал-қадірімізше, қазақ тілінің ажарын ашуға өзімізше үлесімізді қостық. Ал, өзінше, менімен «ұстасып», көкірегіне Тәңірінің сәулесі түспеген, көзіқаракты қазақ оқи алмайтын тақылдаған тақпақ жазып жүрген «қазақ шәйірі...» не тындырды? Мені Владимир Иванович Дальдің аруағы жебеді!

Біз баяғыдан «Қарқаралы-Қызыларайдағы» Қаракесек ішіне тастай батып, судай сіңіп кеткенбіз. Туған-туыстан жұрдаймын; өздері үш жүзге, ру-руға бөлінетін қазақ бізді өзіне қоспайды. «Қырғыз» дейді әлі?! Бірде: «Атажұртым – қырғыз, Арқаға Енесайдан келген, анажұртым – араб, – Мекке-Мединадан!» деп, Мұхтар Мағауинді ашуландырып алғам: «Сенің бабаларың Абылаймен бірге қазақ хандығының шаңырағын көтерген! Арқаға әкеліп, Қарқаралыға жайғастырған да – сол! Не сандалып отырсың?! Қырғыздан не қалды сенде?! Арабтан не қалып еді?!. Енді тағы бір жерде осы сөзді айтатын болсаң, – ісім сенімен болады!» – деді! Зәрем ұшып кетті! Бір өзі бір ұлтқа айналып кеткен адам ғой?! «Қырғыз ем...» деп айтпаймын содан бері, ел айта берсін...

### Алламен мен тек қазақша сөйлесем...

Әкем Ақсұңқар (1912-1970 ж.ж.) партия-совет қызметкері, 1928 жылдан коммунист, әуелде – мұғалім, Қарқаралы аудандық партия комитетінің хатшысы, Ұзынбұлақ, Сталин колхоздарының бастығы, ЦК-ның парторгы қызметтерінде болған адам (1937-1959 ж.ж.). Бір атадан тоғыз туып, жалғыз қалған, біреулері – репрессияға ұшырап, біреулері соғыста кеткен – хабарсыз, біреулері аштан өлген. Қайда көшсе де, жетім-жесір өрен-жаранын өзімен бірге алып жүрді. 58 жасында дүниеден қайтқан. Одан қалған бес баланы 42 жасында жесір қалған шешем жалғыз өзі өсірді. «Қарқаралы-Қызыларай» өңірінде ерекше сыйлы болған адам еді.

Анам – Һалифа Рамазан шыққан нағашы жұртым хақында бір шымыр дүние жазсам деген ой шешем фәниден бақиға көшкен күннен бері жаныма маза бермеген. Ел ақынның қара тырнағынан бастап, тұла бойының бәрі сезім дейді. Абайда «Алланың хикметі – махаббат, ғаділет сезім» – деген бір сөз бар. Өзімше мен де ақынмын деп жүргем, шешемнің қадір-қасиетін осы опасыз дүниеге тастап кеткен күні бір-ақ сездім. Орны үңірейіп қалған соң...

Басында сол кісіге жырдан ескірмес бір ескерткіш орнатсам деп, ұлы нағашым, Алашқа ислам дінін сіңірген Қожа Ахмет Яссауи туралы поэма жазсам деп ойлағам, жалғанның жарығына шыққан соң өзіме де ұнамай қалды. Кейіннен жеке-жеке өлеңге айналдырып жібердім. Поэма шықпады. Ұлы Нағашының образы жасалмай қалды.

Жаратушы Жасаған Жалғыз Бір Иеге имандай сеніп, бас имеген пендеден жөнді ақын шықпайды. Гете, Пушкин, Лев Толстойлардан бастап, Абайға дейінгі ақындарға қараңыз, – бәрі де дінге риясыз сенген. Содан ерекше бір күш, қуат алып, шалқар шабытқа бөленген! Жерден, пендеден келетін дүниелерден гөрі көктен, – Тәңіріден келетін хабар-ошардың құдіреті ғажап! «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, Хакім-Абай босқа айтпаған ғой!

«Қарқаралы басында жалғыз арша, Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша» демекші, біздің ішіміздегі исламның тереңіне жүзген ақын Светқали Нұржан (Айтман) ғой? Маңғыстаудағы үш жүз алпыс



әулиенің ілімі оның тұла бойына сіңіп кеткен! Қалғанымыз Құранның бетін ашпай-ақ, Құдай туралы «өлең» жаза береміз. Көйітіп...

Бізге қарағанда орыс ақындары Құдайға қараған: әріге ұзамай, бергі, бізбен заманы бір орыс шәйірлерін қыдыра шолып көріңіз: православиенің түбіне бір түсіп шықпаса, Андрей Вознесенский «Исаның соңғы жеті лебізі», Юрий Кузнецов «Исаның жолы» атты жырларын жаза алмас еді! Біз өзіміздің Қожа Ахмет Яссауиді де оқымай-ақ, исламды жырлай береміз ғой?!. Ақын Құдайға ғана сенетін адам болуы керек. Басқа – ешкімге! Жер бетінде Тәңірінің сөзін Ақыннан басқа басы жұмыр пенденің ешқайсысы да айта алмайды. Алланың Жердегі елшісі – Ақын. «Знала, что он в больнице. Беспокоилась, молилась о его здравии. И хотя он не был крещён, Христа он любил», – деп жазды Игор Шкляревский туралы ақынның ақылды бір замандасы, – «Верил, что Бог любит его. Потому в молитве я так и добавляла к прошению: Господи, исцели заблудшего раба Твоего, ещё не пришедшего к Тебе, но любящего Тебя. О любви к Богу он говорил мне не раз. Но я никогда в том и не сомневалась. Иначе как бы он мог оставаться таким глубоким лириком?!»

1999 жылы қолыма Валерия Пороховaның «Құран. Мағынасы мен түсінігі» атты еңбегі түсіп, сондағы он шақты аятты соның «негізінде түзілген көркем ой» деп («Төбемнен жауһар жауып тұр» деген кітапта тұр), шешеме оқып беріп едім, о кісінің көзі шарасынан шығып кетті: «Балам-ау, Құранды, Құдайдың сөзін аударуға болмайды ғой?!» – дегені?!.».

Шешеме И.Ю.Крачковский мен Г.С.Саблюковтың, В.Порохованың тәржіма кітаптарын көрсеттім. Кітап дегенді керемет кие деп ойлайтын шешемнің Құранды да тәржімалауға болатынына көзі әзер жетті... Сол кісі дүниеден қайтқаннан кейін маған маза бермей қойған бір жыр («Нағашы жұрт») түнде – түсім, күндіз – ойымнан кетпей, ой ұшына ақындық қарымым жетпей жүрген дүнием еді. Біразы қағазға түскен, іште оған да түсіп үлгермеген эскиздері бар еді. Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қожалар хақындағы «Асылзада» атты эссесіндегі қуғын-сүргіндегі нағашы жұрт, көресінін көріп, Қытай ауып, бүгінде 90-ға келген Абрар ата шерімді қозғап жіберді. Жырдың бірінші нұсқасы, екінші, үшінші нұсқасы да шикілеу түсті. Мен Мұқағали емеспін ғой? Ол бір-ақ мәрте жазып, оған қайта қарайламай, жүре береді екен. Тәңірі ондай көл-көсір қуатты маған бермеген. Түзеп, күзеп, шұқылап отыра берем, – қашан кемеліне келгенше. Менікі – бейнет.

Алламен мен тек қазақша сөйлесем,
Тек қазақша ой кешем.
Ол орысша Пушкинді де түсінген,
Ол немісше Гетені де түсінген.
Мен қазақша содан медет сұраймын, –
Ішімнен!
Шекспирі – бір әлем.
Киплинг те арбайды бір дуамен.
Өзі мені қазақ қылып жіберген,
Маған салса, ағылшын боп туар ем...
Ол Құранды араб тілінде түсірген,
Гете оны немісше ойлап, – түсінген.
Оны мен де қазақша ойлап, түсінгем.
Мен қазақша одан медет сұраймын, –
Ішімнен...
Менде де бар кіндік кескен жұртым, ел.
Елден ерек менің-дағы ұлтым өр!
Тәңірімен жат тілінде сөйлессе,
Тексіз ғой деп, тыңдамауы мүмкін ол...

### Ислам-Арап-Мұхаммед

Араб ұлы емес, Алланың ерекше мейірімі түсіп, қырық жасында арқасына пайғамбарлық қасиет қонған Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – ұлы!

Исламды – исламнан, адамзаттан, ғылымнан бөліп алып, оны неше түрлі измдерге (вахабизм т.б.) айналдырып алған әсіре діншілдер Алланың Хақ дініне Мұхаммед пайғамбарша ұйып, тұшынып, оны Махаббат, Ғаділет, Иман, Обал, Сауап деп, Иассауи, Абайша түсінген кезде ғана ұлы ұлысқа айналады!

*02.06.2020 ж.*

### «Орысша сөйлейтін Арғынның ішінде...»

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары. Совет Одағының шаңырағы ортасына түсіп, ел-жұрттың есі шығып жатқан кез-ді. Мен Жәкеңнің орнына (Ж.Бектұров) Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды-Жезқазған облысы бойынша жауапты хатшы болып, Қарағандыға көшіп келгем. Іле-шала пәтер алдым. Қызарандап жүретін кезіміз, соңымнан небір сөз еріп, «алқаш» т.б. деген атақ-даңқым...» шырқап тұрған уақыт.

Бір күні шешем мен Ғалияға ораза ұстаймын дедім.

– О, құлыным... – деді дінге етене жақын, түбі – қожа Тәтем елжіреп кетіп...
– Рас па?!. – деді Ғалия аң-таң төбесінен жай түскендей боп!

Оразаны өте ұқыпты, тәртіппен ұстадым десем болады. Темекі де тартпаймын! Сөйтіп жүргенде үйге келген бір қу: «Ауыз ашқан соң тарта беруге болады» – дегенде оңбай қуанып кеткенім. Оразаның бітуіне бір-екі-ақ күн қалған...

Тәтем мен Ғалия менің оразама өздерін Мекке-Мәдинаға апарып келгендей қуанды! Ғалия, тіпті, сәресінді менен бұрын тұрып, дайындап, қазы-қартаны турап, араның балы, балықтың икрасына дейін алдыма қойып, өбектеп кетті. Бір күні ыза боп:

– Ғалия! – дедім оған.

– Ау? – деді бір жақсы сөз айтады екен деп елеңдеп!

– Сен осы ақынға емес, молдаға әйел болуға лайықты екенсің!

– Оразаның үстінде ондай сөз айтуға болмайды! – деді Тәтем жақтырмай!

Күн батар-батпастан Тәтем келініне келеді де дидақшып кетеді:

– Дастархан дайын емес қой әлі? Қайда жүрсің? – деп. – Тәте, сағат әлі ерте ғой? – дейді келіні. – Пердені жабыңдар! Күн батты! Әкел тамақты! – дейді, қайран шешем... Ішімнен «...ақын болғаннан гөрі, молда, пірадар болған мың есе артық екен ғой?!» деп ойлап қоям...

Туғаннан Ақсораң сықылды өр едім.
Тіпті, он үш жасымда-ақ төре едім.
«Қазақстан пионері» дейтұғын газетте,
Қасқайып тұратын өлеңім...

Мендей сен болып көр біреудің боданы,
(Тесіліп қарап тұр ол әлі?).
Туған жер – Ақсораң болғанмен,
Шыққан жер – Советтер Одағы.

Көзімді ашқаннан көргенім той менің,
Көк еді көйлегім.
Орысша сөйлеген Арғынның ішінде,
Мен ғана қазақша сөйледім!

Салулы төсегім – салқын бақ,
Жадырап жүремін жартымды ап;
Вокзалда, ресторан, барларда
Жырымды оқыдым саңқылдап!

Жасымнан жазған соң өлеңді,
Жанашыр ағайын көп енді:
«Бұл бала құсадан немесе,
Арақтан өледі!» – деген-ді...

Көзімнің алдынан Советтер Одағы кетті
ұшып,
Түбім тұр – Тұранда,
Кеудемді кек қысып;
Қызыларай тауынан, десанттай, –
Жиырма бірінші ғасырға кеп түсіп;
... Мені «Ішкіш...» дегендер, күйіктен
Өздері кетті ішіп...

● ІЗГІЛІК ЖАРШЫСЫ

# Қайырымдылық марафоншылары

**Арина – волонтерлікпен айналысатын белсенді жастардың бірі. Жақында ғана Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орайластырылған «Адам азамат» байқауының жеңімпазы атанды. «Ізгілік жаршысы» номинациясының иегері Арина Саябекқызы – «Адал азамат» идеалының жарқын үлгісі.**

*Жансая ОМАРБЕК,*
«Ortalyq Qazaqstan»

Арина волонтерлікпен мектеп қабырғасынан бастап айналысқан. 11 сыныпта Ассамблеяның жастар қанатына қосылады, қазір сол жерде волонтерлер лигасының басшысы әрі үйлестірушісі.

– Мен үшін ерікті болу – бұл әлемді сәл де болса, мейірімге толтыру, оған қамқорлық пен жылу сыйлау. Ол адам, я, жануар болсын, көзінен шынайы алғысын көргенде жұмсаған күш-жігерің бекер емес екенін түсінген сәт – ең құнды сәт. Волонтерлік – бұл жай ғана көмек емес, бұл мейірімге, қолдауға және риясыз көңілге толы өмір салты, – дейді ол.

Ол Астанада өткен волонтерлер форумына барған кезін ерекше еске алады. Себебі, сол кеште ізгі істерге құлшынып, бір мақсатқа жұмылған өзі сияқты жастарды көріп, әлемде жақсылықтың басым екендігін сезініпті.

– Бұл форум сенім сыйлады, осындай үлкен істің бөлшегі екенімді мақтан етемін. Сол форумға Президент те қатысты. Ерікті болу – менің өмірлік қағидам, – дейді Арина.

Арина сынды сауапты істің басы-қасында жүретін жастар жетерлік. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі олардың басын бір арнаға тоғыстырып, ортақ мақсатқа ұйыстырып отыр. Республикалық бірлестіктің аймақтағы ұйымы 2022 жылы құрылған. Оның құрамындағы 120-дан астам жас тек волонтерлік емес, әлеуметтік, мәдени, спорттық, жалпы, қоғамдық іс-шаралардың бәріне атсалысады. Мәселен, өңірлік бірлестік жастарды әлеуметтік қолдау, білім деңгейін арттыру және жұмысқа орналасуға көмектесетін «Social Assembly», мемлекеттік тілді оқытатын «Бірлік тілі», тарихи-мәдени мұраны сақтауға бақытталған «Ел мұрасы», экология мен қоршаған ортаны қорғауды үйрететін «Таза орта» жобаларын жүзеге асыруда. Одан басқа, әскери-патриоттық тәрбие беретін «Қасиетті парыз», медиа-жобаларды дамыту мен медиа-сауаттылықты арттыратын «Jastar media» сынды жобалары бар. Былтырдың өзінде «Ассамблея жастары» 5 600-ден астам адамды қамтитын 120-дан



астам іс-шара өткізді.

Еріктілер лигасының қызметі аясында «Birgemiz: Qamqor», «Birgemiz: Bilim», «Birgemiz: Umit», «Birgemiz: TazaAlem», «Birgemiz: AsylMura» жалпыұлттық еріктілер жобалары іске асырылып жатқанын да айта кету керек.

– Жастар былтыр Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» республикалық акциясына белсене қатысып, су басқан өңірлерге қайырымдылық көмегін жинау мен жіберуге ерекше қолғабыс етті. «Таза Қазақстан» республикалық акциясында ағаш отырғызды. Спорттық іс-шараларға, оның ішінде, Орталық мәдениет және демалыс саябағында өткен «Бірлік жүгірісіне» қатысты. Қайырымдылық балын өткізді. Аталған жобаның мақсаты – жастарды бірлік, ынтымақтастық және өзара көмек құндылықтарын ілгерілету арқылы қайырымдылық, волонтерлік қызметке тарту, сондай-ақ, мұқтаж адамдарға көмек көрсету. Қайырымдылық бал нәтижесінде өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасына 1,4 млн теңгеден астам сома жиналып, табысталды. Аталған шара қалалық мәслихат депутаттарының, Қарағанды қаласы әкімдігінің және «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының қолдауымен ұйымдастырылды, – дейді қоғамдық-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру және ҚХА құрылымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы Арнагүл Сулайманова.

Былтыр Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдары мен бірқатар ұйымдар арасында меморандумға қол қойылды. Бұл өзара қолдау мен белсенді ынтымақтастықты арттырып, мемлекеттік саясатты іске асыру үшін қоғамды біріктіру, жалпыұлттық бірлік пен келісімді қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Жалпы, «Ассамблея жастарының» кез келген бастамасы осы басты мақсат аясында жүзеге асырылады. Жастардың зор құлшынысы мен жарқын болашаққа сенімі ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтып, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды сақтап, ортақ мұраттарға жеткізеді.

***

Арина және өзге де волонтерлер кеше ғана тағы бір қайырымдылық балын өткізді. Бұл жолы «Жұмысшы мамандықтар жылына» және Қазақстан кәсіподағының 120 жылдығына арналған шарада еңбек жастары мен волонтерлер Айтмұхамедовтер отбасына қол ұшын созды. Олардың қайырымдылық марафоны үзілмейді.

*Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан*

● ДІН-ДІҢГЕК

# Қош келдің, Ізгілік айы!

**Айлардың сұлтаны Рамазан айы да келіп жетті. Осыған орай облыстық Әнет баба мешітінде Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қарағандыдағы өкілдігі баспасөз мәслихатын ұйымдастырды. Онда Ораза айында атқарылатын ізгілікті істер жөнінде айтылды.**

**Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың бас имамы Естай Айтуғанұлы өңірдегі мешіттердің рамазанға толық дайын екенін атап өтті. Зекет және пітір садақадан жиналған қаржыға «Рамазан сыйлықтары» дайындалып, жағдайы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, балалар мен қарттар үйіне таратылады. Сонымен қоса, студенттерге, қарттар үйіне ауызашар беріледі, науқас адамдарға, мұқтаж жандарға қаржылай және басқа да көмектер көрсетіледі.

Рамазан айында көптеген жұмыс жоспарланып отыр. Ораза қарсаңында мешіт ақсақалдары қаладағы дүкендерді аралап, қасиетті айда ішімдік сатуды шектеуді ұсынып, оның зияны, қылмыстың көбеюіне ықпал ететіні жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Биылғы 28 ақпан – Тарауық намазының бірінші күні. 1 наурыз – оразаның алғашқы күні. Ал, наурыздың 26-сынан 27-сіне қараған түні – Қадір түні. 29 наурыз – оразаның соңғы күні. 30 наурыз – Ораза айты.

– Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары, биыл 2025 жылы Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлы мына маңайымыздағы Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан сынды басқа да мемлекеттердің ғұламалар кеңесі, мүфтилер, пәтуа бөліміне жауапты мамандардың ортақ ұйғарымымен наурыз айының 1-ші күні Рамазан айының алғашқы күні болып бекітілді. Биыл, Аллаға шүкір, Қарағанды облысы бойынша 26 мешітте Құран хатым түсіріліп, қарилеріміз намазға шығатын болады, – деді Әнет баба мешітінің бас имамы Естай Айтуғанұлы.




Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мәліметі бойынша, биыл пітір садақасының құны жан басына шаққанда 655 теңгені құрайды. Облыстық мешіттің бас имамы барша мұсылмандарды қасиетті айда сауапқа бөленіп, игі істер жасауға шақырды.

– Тән оразасынан бөлек жан оразасы бар. Қолымыздан келгенше осы айда сабырлықты, төзімділікті, мейірімділікті, жанашырлықты, қайырымдылықты көбейткеніміз абзал. Өйткені, Рамазан айы тек қана ашығу, шөлдеу ғана емес. Бұл – рухани тазару айы. Сондықтан, барша халқымыздың ұстап жатқан оразалары қабыл болсын! – деді бас имам.

Қасиетті айда облысымызда «Рамазан қоржыны», «Рамазан сыйы», «Рамазан тәттісі» секілді қайырымдылық шаралары ұйымдастырылады. Алғашқы тарауық намазы кешке құптан намазынан кейін оқылды.

Мүфтияттың және жергілікті өкілдіктің ресми сайттары мен әлеуметтік желідегі парақшаларында ораза ұстаудың тәртібі жарияланып отырады.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

● БРИФИНГ

# Даму көшінен қалмайды

**Өңірлік коммуникациялық қызмет алаңында облыстағы БАҚ құралдары өкілдерімен болған брифингте Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов ауданның 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларына тоқталып, өздерінің биыл алға қойған жоспарлары жайлы әңгімеледі.**





**Ержан ИМАШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөзінің басында Сәбит Темешұлы өткен жылы абайлықтардың экономиканың барлық негізгі салалары бойынша жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгенін атап өтті. Мәселен, өнеркәсіп өндірісінің көлемі оның алдындағы жылмен салыстырғанда 10 пайызға өскен. Көмір өндіру 785 мың тоннаға немесе 148 пайызға жетіп, көмір концентраттарын өндіру 1 980 тоннаны, яғни, 115 пайызды құраса, қиыршық тас өндірісі 20 пайызға артқан.

Енді 2025 жылы ауданда өнеркәсіп өндірісінің көлемін 2024 жылғы деңгейден 10 жарым пайызға артық орындау жоспарланған. Бұл көрсеткішке қол жеткізу үшін көмір концентратын өндіруді 5, көмір өндіруді 23, Топар ГРЭС-інде электр энергиясын өндіруді 2 пайызға ұлғайту көзделуде.

Абай қаласында индустриялық аймақ құру жоспары пысықталуда. Бүгінгі таңда 120 жұмыс орны құрылуы тиіс 2 инвестициялық жоба іске асырылуда. Соның бірі «Деметра – 2025» компаниясы жаңа технология бойынша конвейерлік роликтерді өндіру үшін Нидерландыдан жабдықтар жеткізіп, онда 20 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Ал, келесі салынып жатқан «МТЛ-Ферролойс» ферроқорытпа зауытында инвестор инженерлік инфрақұрылымды жүргізу жұмыстарын тәмамдап, ғимараттар салуды бастап, жоба бойынша жаңадан 100 жұмыс орны құрылады. Биыл өңірге тағы да 5 инвесторды тартып, 1 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашу жоспарда.

Ауыл шаруашылығына тоқталған Сәбит Оспанов: «Өткен жылдың қорытындысы бойынша жалпы өнім шығару көлемі 14,5 пайызға көбейіп, 51 миллиард теңгені құрады. Күзгі жиынтерім науқанында 158 мың тонна картоп, 33 мың тонна көкөніс, астықтан рекордтық өнім – 63 мың тонна (188 пайыз) өнім жиналды. Сол сияқты есепті мерзімде ірі қараның саны – 28,5, ұсақ мал – 44, жылқы басы 22 пайызға өсті», – деді.

Осы мал басының қысқы азығына 132 мың тонна жемшөп, 20 мың тонна сабан, 2,5 мың тонна сүрлем мен 2,5 мың тонна пішен дайындалған.

Құлайғыр ауылдық округінде қажетті инфрақұрылымы бар шалғай аймақта «Жайлау» пилоттық жобасы іске асырылған. Ол жалпы ауданы 900 гектар шалғайдағы жайылымдарды қамтып, онда округ халқының 500 бас ірі қарасы мен 1 мың бас қой-ешкісі бағылатын болады. Бұл жоба ауданның басқа да ауылдық округтерінде қолға алынбақ.

Өткен жылы егіс алқаптары 111 пайыз игерілсе, 2025 жылы 69 360 гектар игеріледі.

Аудан әкімі одан әрі алдағы көктемгі егіс науқанына әзірлік барысында кеңінен сөз етті. Яғни, аудан бойынша бұл жұмыстарға 143 ауыл шаруашылығы құрылымы қатысып, олар тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Науқанға қатысатын техниканың 97 пайызы әзірлік сапына қойылып, 1148 тонна жанар-жағармайға электрондық өтінімдер берілген.

Агроөнеркәсіп кешенін қолдаудың «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 2023 жылдан бастап ауданда 460 миллион теңгеге 58 жоба қаржыландырылып, олар мал шаруашылығын дамытуға, техника мен жабдықтар сатып алуға және басқа да мақсаттарға бағытталған.

Бизнеспен 6 688 адам шұғылданып, олар 46 миллиард теңгенің өнімдерін шығарса, бөлшек сауда айналымы 15 миллиард теңгеге жеткен немесе ол 2023 жылғыдан 36 пайыз артық.

Ағымдағы жылы жұмыс істеп тұрған субъектілердегі адамдар санын 6 770-ке жеткізіп, олар өндіретін өнім көлемін 5 пайызға өсіру көзделеді. Бұған «Даму» қоры, «Кәсіпкер» бағдарламасы және «Ауыл аманаты» жобасы бойынша мемлекеттік қолдау арқылы қол жеткізіліп, гранттық қаржыландыру жалғасады. Аудан кәсіпкерлері биыл өздері ашатын 10 бизнес нысанына 25 адамды жұмысқа қабылдамақ.

Былтырдан бастап, Шерубай-Нұра су қоймасының сол жағалауында «Серинити» демалыс аймағының құрылысы жүргізілуде. Инвестиция көлемі – 800 миллион теңге. Ол биылғы IV тоқсанда іске қосылады.

Сондай-ақ, биылдан бастап «Ариадна» демалыс аймағы да кеңейтіледі. Онда 5 коттедж (30 бөлме), мейрамхана салынып, жағажай аумағы абаттандырылады. Ал, 2027 жылға қарай 50 орындық 10 коттеджі бар жаңа демалыс аймағын салу да жоспарда. Облыстың туризмді дамыту жөніндегі жол картасы шеңберінде 11,5 шақырым автомобиль жолдары орташа жөнделіп, су қоймасының екі жағалауы бойында электр тарату желілері тартылады. Келешекте Топар кентінде туризмді дамыту жолдары қарастырылуда.

Ауданның денсаулық сақтау саласында өткен жылы 8 ауылдың аумағында 2 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік және 4 медициналық пункттің құрылысы басталса, олар биыл салынып бітпекші. Емдеу мекемелері үшін былтыр 96 миллион теңгенің қажет жабдықтары мен бұйымдары сатып алынған.

Аудан жолдары да орташа жөндеуден өтуде. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл Дубовка, Көксу және Мичурин ауылдық округтерінде 12,7 шақырым жолдарды жөндеп, Абай қаласында жалпы аланы 21 шақырым болатын аула аумақтары мен мүйістері асфальтталады.

**Абай ауданы**

Суреттерді түсірген
***Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ***

● ДЕНСАУЛЫҚ

# Өкпе туберкулезі – қатерлі індет

Туберкулез – өкпенің ғана қабынып ауыруы емес, ол адамның барлық ағзаларын – сүйекті, бүйректі, миды, ми қабықтарын, теріні, көзді зақымдайтын жұқпалы індет. Олардың ішінде өкпе туберкулезі өте жиі кездеседі.

Туберкулез ауруы негізінен иммунитет төмендегенде, жеткіліксіз тамақтанғанда, ішімдікті пайдаланып, темекі шегіп, есірткіні қолданатын, санитариялық-гигиеналық мінез-құлық нормалары сақталмаған жағдайларда орын алады. Бұған қосымша иммунитеті нашар жас балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті әлсіз қарт адамдар жиі ауырады. Созылмалы аурулары бар (өкпе аурулары, қант диабеті, асқазанның ойық жарасы) адамдар, әр түрлі иммундық тапшылық жағдайлары (әсіресе ЖИТС) туберкулездің дамуына ықпал етеді.

Статистика бойынша жыл сайын әлемде сегіз миллионнан астам адам туберкулезбен ауырады екен. Қазіргі кезде елімізде туберкулездің таралу қарқынының төмендегені байқалады. Қалай десек те, елде кейінгі жылдары туберкулезге шалдығу, өкпе құртынан келетін өлім-жітім көрсеткіштері тұрақты түрде азайып келеді. Біздің Қарағанды облысымызда 2022 жылы туберкулезге шалдығу көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 39,5 көрсетсе, Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданымыздағы бұл көрсеткіш 41,1 болып, облыстық деңгейден 4,8 пайызға жоғарлаған. Алайда, 2024 жылы бұл облыстық көрсеткіш шамамен 35,0-ге дейін азайып, 11,3 пайызға кемісе, ауданымыз бойынша 34,1 көрсеткішке түсіп, 17,6 пайызға төмендеген. Осындай көрсеткіштің облыстық деңгейден 2,5 пайызға азайғандығы әрине, қуантарлық жағдай. Өкінішке қарай, облыс көлемінде балалар арасында туберкулез ауруы 2022 жылы 100 мың адамға шаққанда көрсеткіші 3,67 болса, 2024 жылы 100 мың адамға шаққанда көрсеткіш 4,88 науқасты құрап, ауру көрсеткіші 32,9 пайызға жоғарлаған. Әлихан Бөкейхан ауданында да бұл көрсеткіш 1,6 пайызға артқан. Дегенмен де, туберкулездің таралу қарқыны ауданымыз бойынша 2020 жылмен салыстырғанда 2024 жылы 36,6 пайызға, ал, туберкулезден болатын өлім-жітім 36,0 пайызға төмендеді. Жалпы, бұл статистиканың төмендеп жатқаны әбден қуантарлық жағдай.

Туберкулез ауруын анықтауда ең негізгі әдіс – ересектер үшін флюорографиялық жолмен тексерілу әдісі болса, балалар үшін Манту сынамасын қою әдісі. Ауданда 2024 жылы профилактикалық тексерулер кезінде флюорографиялық жолмен туберкулез ауруының анықталуы 2023 жылмен салыстырғанда 1,1 пайызға жоғары болса, балалар арасында ауруды Манту сынамасымен 1,2 пайызға көбірек анықталу байқалады. Осындай әдістермен туберкулездің анықталуы неғұрлым жоғары болса, ауру енді ғана басталып келе жатқан кезеңінде, әрі асқынбаған түрінде анықталып, оның емделуі де, жазылуы да соғұрлым оңайырақ болады. Өкiнiштiсi, туберкулез ауруының асқынған, бактерияның бөлуі байқалатын науқастар арасында бірнеше жыл қатарынан өкпесін тексермеген немесе дәрігердің қабылдауында болмаған тұлғалардың да анықталуы кездеседі. Бұндай жағдайдың ақыры – аурудың асқынуымен аяқталуы, мүгедектікке әкелуі де мүмкін, тіпті, кей жағдайда өлімге де соқтырады. Сондықтан, жыл сайынғы өкпе қуысын флюорографиялық тексерудің қажет екендігін естен шығармағанымыз жөн. Бұндай тексеру жасөспірім кезеңнен бастап жылына бір рет жүргізіледі. Ал, балалар арасында Манту сынамасын қойдыра отырып, туберкулез таяқшасының бар-жоқтығын біле аламыз.

Туберкулездің алдын алудағы іс-шаралар нәресте дүниеге келген кезеңнен бастап жүргізіледі десек те болады. Сәбиге туылғаннан кейін 2-3 күннің ішінде туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинациясы жасалады. Вакцина жасаудағы басты мақсатымыз туберкулездің жасырын инфекциясының ашық ауруға өтуінен қорғау, осы аурудың ауыр түрлерінен, яғни, туберкулез менингитінен, буындар мен сүйектердің зақымдануынан сақтап, туберкулездің қауіпті формаларына қарсы күресті күшейту.

Адамзат баласын аямайтын бұл туберкулез дерті жаһандық денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі деп танылып, 24 наурыз – Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні болып жарияланды. Бұл айтулы күн – әйгілі неміс микробиологы Роберт Кохтың туберкулез қоздырғышын ашқан күнімен сәйкестендірілген.

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күнін өткізудегі басты мақсат – ол әлем халқының осы туберкулез ауруының жаһандық індет екендігі және оны жоюдағы күш-жігер, аурудың алдын алу, туберкулезге қарсы күресудегі қолданылатын әдістері туралы хабардарлығын арттыру.

Ауырып, аурудың емін іздегенше, аурудан қорғайтын, ауырмайтын жолын іздейік.

**Сабыржан ҚЫРҒЫЗАЛИН,**
**Әлихан Бөкейхан ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы**
**Гүлмира МУКСИНОВА,**
**Әлихан Бөкейхан ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**


Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д




**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ «Қарағанды-Теміртау су құбырын қайта жаңарту және күшейткіш сорғы станциясын салу. Түзету» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлiмiне қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған. Қоғамдық талқылау формасында өтетін қоғамдық тыңдаулар 11.03.2025 бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді. Тапсырыс беруші «Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ. БСН 010840003064. Жобаны әзірлеуші: «ТС-Индустрия» ЖШС. Тел. 8 707 868 05 77.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Темиртау» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция водовода Караганда-Темиртау со строительством повысительной насосной станции. Корректировка». Документация размещена на едином экологическом портале ecoportal.kz. Общественные слушания в форме публичных обсуждений состоятся с 11.03.2025 в течении пяти рабочих дней. Инициатор – ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ и АД города Темиртау». БИН 010840003064. Разработчик раздела: ТОО «ТС-Индустрия». Тел. 8 707 868 05 77.

№34

• КЕЗДЕСУ

# Арқа спорты аршындайды

**Қарағанды облысының спортшылары спорттың 121 түрімен шұғылданады. Спортты дамытуға қатысты қабылданатын заңнамаларға сәйкес енді оның 65-і іріктеліп алынады деп жоспарлануда. Атап айтсақ, Олимпиадалық, Азиялық ойындар мен республикалық, облыстық біріншіліктерге ден қойылады. Қалғаны бұқаралық спорт қатарына өтіп, бұқаралық спортқа басымдық беріледі. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев «Saryarqa aqparat» медиахолдингінің қызметкерлерімен кездесуінде мәлімдеді. Кездесу барысында медиахолдинг директоры Қайрат Әбілда алдағы уақытта басқарма басшылығымен спортты қолдау әрі насихаттау мақсатында меморандум жасалатынын жеткізді.**




**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қысқы Азия ойындарынан жерлестер жүлдемен оралды. Одан бөлек, жеңіл атлетикадан да бірқатар спортшыларымыз әлемдік ареналарда жоғарғы нәтиже көрсетіп жүр. Дегенмен, мәселе де жоқ емес. Серік Жұманғалиұлы солардың бірқатарына тоқталып өтті.

– Қазіргі уақытта ауылдық жерлерге жаттықтырушылар жетіспейді. Егер, «Ауыл жастарын спортқа баулимын» дегендер болса, қолдау көрсетеміз. Балаларға жағдай жасауға көмектесеміз. Кейбір елдімекенде дене шынықтыру және спорт кешені жоқ. Егер ауыл, аудан тарапынан ұсыныс түсіп жатса, қарастыруға әзірміз. Бірақ, елдімекен тұрғындарының саны ескеріледі. Одан бөлек, өңірде байрақты бәсекелерде бақ сынап жүрген спортшылар көп. Сол спортшыларды қолдау мақсатында қалалық немесе облыстық бюджеттен айлық беру мәселесі қарастырылуда, – деді Серік Жұманғалиұлы.

Сонымен қатар, облыс орталығында келешекте бірнеше спорттық нысан салу жоспарда тұр.

– Майқұдық пен Қарағанды арасында үлкен спорттық кластер ашылады. Бұл – алдағы күннің еншісіндегі дүние. Сонымен қатар, заманауи футбол стадионын, мұз сарайын салуды да жоспарлап отырмыз. Онда шорт тректен және коньки спортының бірнеше түрінен турнирлер өтеді. Әрі балалар да осы жерге жаттығуға келеді. Қазіргі уақытта аймақ бойынша спорттық мектеп-интернаттары жеткілікті. Бірақ, келешекте колледж интернатын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл – өңір спортын дамыту жолындағы маңызды қадам, – деді басқарма басшысы.

Мектеп директорларының қолдауымен әр мектепте «Спорттық сынып» ашуды тәжірибе ретінде жолға қою көзделуде. Мақсат – балаларды мектеп қабырғасынан спортқа бейімдеу. «Оқушы бос уақытын ұтымды пайдаланып, сабақтан тыс уақытын осы спорт сыныбында өткізуі қажет», дейді басқарма басшысы.

Кездесу барысында қысқы спорт мәселесі де қаузалды. Қазіргі уақытта бұл спорттан жоғарғы нәтиже көрсетіп жүрген жерлестеріміз жоқ емес. Бір жағынан, қысқы спорт түрлеріне арналған киімнің жетіспеушілігі және бар. Сондықтан, осы мәселені шешу үшін басқарма басшысы өңірдегі ірі бизнес өкілдерін жұмылдыруды көздеп отыр. Бұдан бөлек, «Шахтер» футбол клубының академиясын Балқаш, Теміртау және Саран қаласында ашу қарастырылуда. Ал, команда сапына шет елден ойыншы сатып алуға түбегейлі тыйым салынды.

Сонымен қатар, басқарма басшысы журналистердің қойған сауалына жауап беріп, ынтымақтаса жұмыс істеуге шақырды.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• БОЧЧА

# Рухы мықтылардың бәсекесі

**2020 жылдан бастап бочча спорты аймақта қанатын кеңге жая бастады. 2023 жылы Қарағанды облысының федерациясы тіркеліп, оған облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов жетекшілік етті. Қазіргі таңда облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесе, осы спорт түрін кеңінен насихаттауда. Қарағандыдағы С.Сәпиев атындағы бокс орталығында осы спорт түрінен екінші мәрте облыстық турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатына облыстық мәслихат төрағасы арнайы қатысып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді.**


Нұркен Кобжанов және Аружан Жеңіс

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Бочча – паралимпиадалық спорт түрі. Қазіргі таңда өңірде спорттың осы түрімен 45 ерекше білім беру қажеттілігі бар жан шұғылданады. Ал, оның 14-і – ұлттық құрама командасы сапында. Биыл аймақтан 10 спортшы республикалық турнирде бақ сынайды. Ал, екі жерлесіміз Бахрейнде өтетін дүниежүзілік турнирге қатыспақ. ВС3 санатында өнер көрсететін Аружан Жеңіс жақында ғана «Спорт шебері» атағын иеленді. Нұркен Кобжанов өз сөзінде осы спорт түрін насихаттау үшін жан-жақты қолдау болатынын баса айтты.

– Біздің тараптан қашанда қолдау бар. Өңірде осы спортты насихаттау мақсатында тиісті жұмыстар атқарылады. Жылдан-жылға қатысушылардың қатары артып келеді. Былтыр бұл байқауға тек қарағандылықтар қатысса, биыл Саран мен Абай ауданынан келіпті. Енді Балқаш қаласы мен Бұқар жырау, Осакаров ауданы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Балалар мен ересектерді осы спорт түріне барынша баулимыз. Спорттың нәтижесінде олар тек бір-бірімен араласып қана қоймайды. Тіпті, шетел көріп, саяхаттай да алады. Бүгінде спортшылардың көрсеткіші жаман емес. Алдағы уақытта турнирлерде жеңіске жетеді деген сенімдемін, – деді ол.

Бочча спорты үш бөлімнен тұрады. Яғни, қатысушылар жекелей, топтасып және командамен бақ сынайды. Ойында жалпы 13 доп болады. Ең басты добы – ақ, «Джек болл» деп аталады. Ал, алтауы – қызыл, алтауы – көк доп. Екі түрлі доп қос қарсыласқа беріледі. Сортшылар ережеге сәйкес, әуелі ақ допты ойынға қосады. Кейін екі қарсылас қолындағы допты осы «Джек болл» добының жанына жинауы керек. Кімнің доптары «Джек боллға» жақын жатса, жеңіс – сонікі.


Жаттықтырушы Азатгүл Шапшекеева

Боччаның халықаралық федерациясының өзіндік ережесі мен нормасы бар. Әр қатысушы үшін жеке корт сызылған. Сол корттан қатысушы шығып немесе басып кетуіне тыйым салынады. Осы спорт түрін алғаш рет аймаққа алып келген жанның бірі – Гаухар Акежанова.

– Алғаш рет осы спорт түрі Астанаға келгенде «Неге біз осыны Қарағандыда дамытпасқа?» деген ой туды. Менің ДЦП-мен ауыратын қызым бар. Күні бойы үйде отырмауы үшін бір спорттық ойын қажет болды. Қазіргі таңда жыл өткен сайын қызығушылық танытқандардың саны артып келеді. Бұл ойындағы маңыздысы тек допты лақтыру емес, стратегия. Ал, ол дегеніңіз, баланың ойлау қабілетін шыңдайды. Жалпы, бұл ойындағы сенің командаласың да, ассистентің де – ата-анаң, – деді Қарағанды облысы бойынша Қазақстан бочча федерациясы басшысының орынбасары Гаухар Акежанова.

Аружан Жеңістің осы спорт түрімен айналысып келе жатқанына екі жыл болды. Десе де, талай бәсекеде қарсыластарын сан соқтырған. Республиканың бес дүркін чемпионы. Былтыр Финляндия мен Польша мемлекетінде өткен халықаралық байқауға қатысыпты. Өкінішке қарай, жүлде бұйырмаған. Биыл тағы да Бахрейнде өтетін байқауға жолдама еншілепті. Өзі «Осы байқаудан жүлдемен ораламын» деп ниеттеніп отыр.

– Мен Аружанның қолы мен аяғымын. Менің міндетім Аружанды ойын кортына кіргізіп, алаңға қарамай әлгі құрылғыны Аружанның айтқанымен жылжытып тұрамыз. Бізге ойын алаңын көруге рұқсат жоқ. Тіпті, сөйлеуге де болмайды. Республикалық турнирлерге шықсақ, облыстық бюджеттен, шет елге жолдама иеленсек, федерация жолымызды толық төлеп береді. Гаухар Берікқызы осыдан екі жыл бұрын компьютерлік тегін курс ашқан болатын. Біз сол курсқа барып жүрдік. Сол кезде қызымның икемі, қабілеті барын көріп, бочча спортымен шұғылдануға шақырды. Ол уақытта біз бұның қандай спорт екенін білмегенбіз. Кейін қызығушылығымыз арта түсті, – деді Аружанның анасы әрі рамп операторы Ұлжан Әбдікәрімова.

Жалпы, аймақ бойынша осы спорт түріне баулитын бес топ бар. Оның екеуі – Қарағандыда болса, қалғаны Майқұдықта, Саран қаласында және Абай ауданында ашылған. Қарағандыдағы бір топ федерацияның «Саламатты болашақ» жобасы аясында жұмыс істейді. Яғни, тікелей федерация қаржыландырады-мыс. Ал, қалғандары облыстық мамандандырылған мүгедектер спорт мектебіне қарайды. Азатгүл Шапшекееваның «Саламатты болашақ» жобасының жаттықтырушысы ретінде қызмет атқарып жүргеніне көп бола қоймапты. Қазірдің өзінде группасында 11 бала бар. Осы байқауға оның алтауы бақ сынауда.

– Бізге облыс басшылығы жеке зал берген. Қазір шәкірттерімді сонда жаттықтырамын. Екі группаға бөліп, аптасына екі мәрте жаттығамыз. Өзім – математика пәні мұғалімімін. Қызым осы спорт түрімен айналысқан соң былтыр қайта даярлау курсын оқып, арнайы сертификат алдым. Әрі дене шынықтыру маманды бойынша екінші жоғары оқу орнында оқып жатырмын. Алдағы уақытта диплом қолыма тиген соң кәсіби жаттықтырушы атанамын. Шәкірттерімнің бәрі түрлі байқауға қатысып, жүлде алып жүр. Наурыз айында өтетін республикалық турнирге облысты жеңген екі спортшымды апарамын. Жалпы, бұл – логикалық ойын. Жаттығу барысында допты лақтыруды ғана емес ойын техникасын барынша жіті үйретемін, – деді Азатгүл Биболдықызы.

Биыл бочча ойынын спартакиадалық ойындар тізіміне енгізген. Нәтижесінде осы спортқа қызығушылық танытқандардың қатары артып келеді. Биыл алғаш рет елордада бочча ойынынан халықаралық деңгейдегі турнир өтпек. Осы турнирде де жерлестер ел намысын қорғайтын болады.

Суреттерді түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

• ХОКЕЕЙ

# Жалғыз шайба жеңіс әкелді

**«Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының плей-офф кезеңіндегі төртінші ойынында жеңіске жетті. Жерлестер сырт алаңда «Алматы» клубын 1:0 есебімен жеңіп, жалпы есепте теңесті. Есеп – 2:2. Енді 2 наурызда жерлестер қарсыластарын өз алаңында қабылдайды.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойынның алғашқы минутында жерлестер шабуылды бастады. Қорғаушы Дмитрий Стулов қақпа тұсынан шайбаны алып шығып, шабуылшы Артем Валеевке пасс шығарады. Ал, қырағы шабуылшы ашық тұрған әріптесі Тимур Шингареевті байқап, шайбаны қарсылас қақпасына қарай бағыттады. Ал, Тимурдың міндеті – шайбаға қарсыластарынан бірінші жету. Бірақ, ол шайбаға бір қадам жетпей қалады. Дегенмен, жоғары жылдамдықпен келе жатқан шайба қарсылас қақпасына тиіп, кері қайтты. Осы сәтте Тимур доп таяғымен түртіп қалуға мүмкіндігі болып еді. Бірақ, алдынан шыққан қақпашымен қақтығысып, шабуылды сәтсіз аяқтады.

Араға екі минут салып, алаң иелері шабуыл бастады. Артем Бурделев қақпа тұсынан шабуыл бастап, алаңның ортасында әріптесі Виталий Карамновқа пас шығарады. Ал, ол қақпа алдын торуылдап тұрған қорғаушыларды қасына маңайлатпай, қақпаға жойқын соққы жасады. Абырой болғанда қарағандылық қақпашы Данил Кадочников шайбаны жібермеді.



Дәл осындай шабуылдар үшінші айналымның соңына дейін жалғасты. Осы ойында қос қақпашы керемет сейф жасап, көрермен көзайымы атанды. Жойқын соққыға да төтеп берді. Алдап өтіп, шабуылдағандарға да алданбады. Дегенмен, қосымша берілген овертайм уақытында жерлестер қарсылас қақпасынан саңылау тапты. Осылайша, соғылған жалғыз шайбаның арқасында зор мүмкіндікке ие болды.

– Қос команда арасында нағыз тартысты ойын өтіп жатыр. Алғашқы кездесуде қателіктер болды. Содан жеңіліп қалдық. Бізде арнайы тактика болмады. Бізге берілген тапсырма – үйреншікті ойынымызды ойнау. Яғни, еркін ойнап, әр ойыннан ләззат алу. Сонда жеңіске бір табан жақын боласың. Қос команда тарапынан жарақат алған ойыншылар көп. Соған қарамастан бәрі намысқа тырысып, финал үшін күресуде. Осы кездесуде ойын жүйесіне аздап өзгеріс енгіздік. Біздің тараптан тамаша шабуылдар болды. Бірақ, оны пайдалана алмадық. Ең бастысы – біз жеңдік. Енді келесі ойынды Қарағандыда өткіземіз. Өз жерімізде жеңіске жету керек, – деді клуб шабуылшысы Александр Коннов.

Жалпы есепте таразы басы теңесті. Сондықтан, қос команда әлі екі мәрте ойнайды. Ал, жерлестердің ақтық бәсекеге өту мүмкіндіктері де жоғарылады.

*Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан*

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 719

№24 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында терiлiп, беттелген.**
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**